13. Рамазанова Г.Б.- 2013ж Тематические тренинги «Элементы» «Метод проектов» -сертификат. Ақтөбе, 2015ж- «Топтағы ең үздік тілдік-көркем орталық» -атты сырттай байқауына белсене қатысқан үшін сертификат берілді. Ақтөбе, 2014ж «Эксперименттік және инновациялық қызметті ұйымдастырудағы ғылыми-методологиялық негіздері» -тақырыбындағы облыстық ғылыми-әдістемелік семинарға қатысқан үшін сертификат берілді. 2013ж. Алматы-45 minut.kz-сертификат.

14. Калиева С.А – Ақтөбе, 2013ж- «Шығармашылық сатысымен - шеберлік шыңына» атты қалалық фестиваль – сайысына қатысқаны үшін сертификат алған.

Оқыту мен тәрбиелеу сапасын бағалау және мониторинг.

Педагогтардың кәсіби жетістіктерінің мониторингі 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарының соңында жүргізілген. Онда педагогтардың жүргізілген іс-шаралары, қатысқан кәсіби сайыстарының нәтижелерінің қорытындысы көрсетілген.

Кадрлар қозғалысы.

Мектепке дейінгі мекемеде кадрлар қозғалысы бар.

2012 -2013 оқу жылында 3 педагог, оның ішінде 2 педагог (музыкант - Кунжанова Д., бейнелеу өнері мұғалімі - Балтыбаева А.) өз арызы және 1 педагог (тәрбиеші – Байменова Н.) ҚР ЕК 57 б.11 т. бойынша жұмыстан босатылды.

2013-2014 оқу жылында 4 педагог, оның ішінде 1 педагог (менгеруші Спанова Г.) өз арызы, 2 педагог (әдіскер -Нурғалиева Ж., психолог-Кальменова А.) бала күтіміне байланысты және 1 педагог (хореограф – Уринбаева) ҚР ЕК 51 б.1 т. 2 тт. бойынша жұмыстан босатылды.

2015-2016 оқу жылында 3 педагог, оның ішінде 1 педагог (Онбаева Э.) өз арызы, 2 педагог (тәрбиешілер - Жумабаева Ж., Абдрахманова Э.) бала күтіміне байланысты жұмыстан босатылды.

2015 -2016 оқу жылында 2 педагог, оның ішінде 1 педагог (тәрбиеші - Қыдыралина Г.) өз арызы, 1 педагог (тәрбиеші- Бақтыбаева А.) бала күтіміне байланысты жұмыстан босатылды. Барлық жұмыстан босатылған педагогтардың орнына уақытында педагогтар қабылданған. Мектепке дейінгі ұйымда педагог кадрларының ауысуына байланысты кадрларды тұрақтандыру жұмыстары жүргізіліп тұрады.

№35 «Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымында негізгі қызмет бойынша бұйрық кітабы пен жеке құрам бойынша бұйрық кітабы жүргізілуде. Кітабы нөмірленген, түптеліп мөрленген, қызметкерді жұмыстан босату және алу туралы бұйрықтарды шығарғанда кезде 2007 жылғы мамырдың 15-індегі № 251-III «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің» баптарын басшылыққа алынған, сілтемелері көрсетілген. 17 педагогикалық қызметкерлердің 15 еңбек кітапшалары бар (1 менгеруші – Молжанова Б. білім бөлімінде және 1 музыка жетекшісі - Калиева С. негізгі жұмыс орнында бірақ көшірмелері жеке ісіне салынған), уақытылы толтырылған, марапаттаулар жазылған. Сонымен қатар 23 қызметкердің 21 еңбек кітапшалары бар (1 күзетші – Асанов С. еңбек кітапшасының көшірмесі жеке ісіне салынған(негізгі жұмыс орнында сақталуына байланысты) және 1 аула тазалаушысы – Әбсат Қ. ғана еңбек кітапшасы болмады, жұмысқа жанадан қабылданған).

Педагогикалық кеңес қызметі:

№35 «Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымында 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015, 2015-2016 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері» негізінде жылдық жоспарға сәйкес 4 педагогикалық кеңес жоспарланып, әр жыл сайын

4 рет педагогикалық кеңес өткізілген(негізі 5 педкеңес өткізілу керек). Педагогикалық кеңестің арнайы хаттама кітапшасы нөмірленген, тігілген, мөрленген. Педагогикалық кеңес хаттамалары қазақ тілінде жазылған. Педагогикалық кеңестің кезекті отырысында өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижелері баяндалмаған және орындау жауапкершілігін бақылау ешкімге жүктелмеген. Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер мектепке дейінгі білім берудің мәселелерін шешуге бағытталған. Ереже бойынша педагогикалық кеңесте қаралатын басты мәселелер :

1) білім беру ұйымдарында нормативтік құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шараларды;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстар жағдайын, оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын ендіруді;

3) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау мәселелерін; МДҰ –ның оқу-тәрбие процесіне байланысты мәселелер;

4) педагогтардың оқу жүктемесін бөлу, тарификацияны бекіту, аттестаттауға дайындау, марапаттау және мадақтау мәселелерін қарайды.

МДҰ-да аталған мәселелерді қарауды әлі де толықтырып жетілдіру керек.

Еңбек тәртібі.

Балабақшаның оқу- тәрбие үрдісін ұйымдастыру 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР «Еңбек кодексі», «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығын басшылыққа алына отырып жүзеге асырылады.

Еңбек тәртібіне байланысты ұжым мүшелері арасында әкімшілік тарапынан 2014 жылы 1 педагогқа (тәрбиеші – Тугелбай А.) ғана ескерту берілген Жұмысқа қабылданатын тәрбиешілер, педагогтар ішкі бұйрығы негізінде қабылданады. Педагог кадрлармен еңбек шарттары жасалған.

Әкімшілік – басқару құрамы

1. Молжанова Болған Орынқызы Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 2013 жылдың 19 желтоқсанындағы № 217 бұйрығымен МДҰ меңгерушісі қызметіне тағайындалған. Білімі-жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің мектепке дейінгі педагогика және психология мамандығы бойынша 1996 жылы бітірген . Педагогикалық еңбек өтілі – 19 жыл . Басқару өтілі -2 жыл. Осы мекемеде-2 жыл. 2013 жылы Ақтөбе облысының білім басқармасының «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында нормативтік – құқықтық қызметті қамтамасыз ету» тақырыбында және «Step by Step» инновациялық әдістемесі бойынша «21 ғасырдың білікті педагогы» курстарынан өткен.

Балабақша меңгерушісі 2014 және 2015 жылдары тамыз конференцияларына(МДҰ меңгерушілерінің секциялық отырыстарына) қатысып баяндама

жасаған. Сонымен қатар 2014 жылы 22 қазанда «Мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез-құлық негіздерін қалыптастыру облыстық семинар-практикумына қатысып баяндама жасаған.

2. Әкімшіліктің шаруашылық меңгерушісі- Урынбаева Фариза Калибековна , білімі жоғары, мамандығы техникалық физика, еңбек өтілі- 4 ай, осы мекемеде уақытша қызметте жасағанына 1 ай болған.(Алдабергенова Ақерке Еркінбековна - 04.12.2012 жылдың бастап шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс жасаған, қазірде бала күтімінде отыр

3. Медбике – Кушпанова Айнур Танатовна -білімі арнаулы орта, жалпы еңбек өтілі – 1 жыл 6 ай , осы мекемеде -1 жыл 6 ай).

4 Есепші- хатшы –Акимова Шайзат Мухитовна (білімі- жоғары , жалпы еңбек өтілі – 4 ай , осы мекемеде - 4 ай).

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген.

Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі өз іс-әрекетін нормативтік-құқықтық базасына сай құрастырады.

Әкімшілік – басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестесіне сай жұмыс жасайды. Ағымдағы негізгі қызметі жөнінде және кадр құрамы бойынша бұйрықтар уақытылы шығарлады.Барлық педагогтар мен қызметкерлер лауазымдық нұсқаулықтармен таныстырылған. Барлық қызметкерлермен жеке еңбек шарты құрылған. Қызметкерлердің жеке іс – құжаттары бар. Барлық хаттамалар, бұйрықтар қазақ тілде жүргізіледі. Педагогикалық кеңестермен, өндірістік мәжілістерінің жұмысы жоспарланған және хаттамалары жүргізілген.

2012-2015 оқу жылдары аралығында әкімшілік мүшелерінің әр топтың ұйымдастырылған оқу іс әрекетіне қатысуы :

2012-2013 оқу жылында – 25 қатысым

2013-2014оқу жылында – 30 қатысым

2014-2015оқу жылында – 35 қатысым.

2015-2016 оқу жылының 15 қараша айына дейін – 20 қатысым.

Балабақша ашылғаннан бері 2 меңгеруші жұмыс жасаған. 2012 жылы ашылған кезінде меңгеруші – Спанова Г.Е. болған.

Кемшіліктер мен ескертулер:

1. Тәрбиешілердің 5 –нің (29,4 %-і) мектепке дейінгі тәрбиелеу бойынша базалық білімі (тиісті бейіні бойынша арнайы педагогтік немесе кәсіптік білімі) жоқ, Қазақстан Республикасы Білім туралы заңнамасының (27.07.2007 ж №319 -III) 7 тарау 51 бап 1 тармағы басшылыққа толық алынбаған.

2. Педагогтар біліктілігін арттыру курсынан уақытылы өтпеген, курстан өтпеген немесе 5 жылдан асып кеткен педагогтар саны- 6 адам (әдіскер - Бердакова С., тәрбиешілер – Камыспаева Г., Джумагалиева А., Ержан Г., Ешмағанбетова З..).

3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық кеңестің жүргізілуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта

және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгі ережелеріне толық сай келмейді, қаралған мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарылмаған және кезекті отырыста шығарылған қаулы бойынша жұмыстың орындалғаны баяндалмаған.

4.Тәрбиешілер, музыка жетекшісі, орыс тілі мұғалімі және психологтың лауазымдық міндеттері «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 512 бұйрығы талаптарына толық сәйкес келмейді.

5.Әдістемелік кабинет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген «Балабақшаның әдістемелік кабинеті» нормасына толық сәйкес келмейді: норма бойынша құрал-жабдықтардың 15 түрі болу керек болса, оның 7 түрімен(47%) қамтылса, кабинетке арналған көрнекі оқу құралдары 12 түрінің 7 түрімен ғана (58 %) қамтылған

Ұсыныстар:

1.Балабақшаға педагог мамандарды қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының білім туралы Заңнамасы (27.07.2007ж №319- III) 7 тарау 51 бап 1 тармағы басшылыққа алынсын

2.Педагогтарды білім жетілдіру курстарына жіберуге ҚББ-не сұраныс жасалсын

4.Педагогикалық кеңес отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарылсын. Кезекті отырыста шығарылған шешім бойынша жұмыстың орындалғаны баяндалсын.

5.Тәрбиешілер, музыка жетекшісі, орыс тілі мұғалімі және психолог лауазымдықтарына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 512 бұйрығымен бекітілген лауазымдық үлгілік біліктілік сипаттамаларға сәйкес толықтырулар енгізілсін.

6.Әдістемелік кабинет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген «Балабақшаның әдістемелік кабинеті» нормасына сәйкес жасақталсын

5.3. Тәрбиеленушілер контингенті

1)Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен келісімдердің бар болуы және олардың мазмұны:

Ақтөбе қ. МКҚК №35 «Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымында бтопта 220тәрбиеленуші тәрбиеленуде.

Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар арасында баланы қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 633 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру

ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде жүргізіледі.

Соңғы 3 жылда тәрбиеленушілер контингенті:

| | 2012-2013 о.ж. | 2013-2014 о.ж. | 2014-2015 о.ж. | 2015-2016 о.ж. 17.11.2015 |
|--------------------|----------------|----------------|----------------|------------------------------|
| Жалпы балалар саны | 220 | 220 | 220 | 220 |
| Топ саны | 6 | 6 | 6 | 6 |

**МДҰ БОЙЫНША ТОПТАР КЕСІМІНДЕ БАЛАЛАР КОНТИНГЕНТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ**

| Жылдар | Барлық топтар | 1 кіші | 2 кіші тобы | Ортаңғы | Ересек | Мектепалды даярлау |
|-------------------------|---------------|--------|-------------|---------|--------|--------------------|
| 2012-2013 | 6 | 1 | 2 | 2 | 1 | - |
| 2013-2014 | 6 | - | 2 | 2 | 2 | - |
| 2014-2015 | 6 | - | 2 | 2 | 2 | - |
| 2015-2016 17.11.2015 | 6 | - | 2 | 2 | 2 | - |
| Балалар саны | | | | | | |
| 2012-2013 | 220 | 31 | 68 | 85 | 36 | - |
| 2013-2014 | 220 | | 73 | 78 | 69 | - |
| 2014-2015 | 220 | - | 60 | 80 | 80 | - |
| 2015-2016 17.11.2015 | 220 | - | 74 | 80 | 66 | |

Мектепке дейінгі ұйым аптаның 5 жұмыс күнінде жұмыс жасайды. Барлық топтар саны –6 , оның ішінде екінші кіші тобы – 2, жалпы тізім бойынша «Гүлдер» II кіші тобында – 38 бала, талап бойынша 25 бала, 52 % артық, «Айгөлек» II кіші тобында - 36 бала, 44 % артық; «Балдырған» ортаңғы тобында – 40 бала, 60% артық; «Алма» ортаңғы тобында – 40 бала, 60% артық; «Күншуақ» ересек тобында – 32 бала, 28% артық; «Балапан» ересек тобында – 34 бала, 36 % артық;

2015-2016 оқу жылындағы МДҰ тәрбиеленушілерінің **сандық құрамы** Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2015 жылғы 17 наурызында № 217 бұйрығымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» туралы санитариялық қағидалардың **11-қосымшасында көрсетілген топтардың жасақталуына сай келмейді:**

| № | Оқу жылы | СЕМН/ №217/ бойынша | «Балбұлақ»М ДҰ бойынша 17.11.2015 ж | Артық бала саны | Артық % мөлшерінде |
|---|-----------------------|---------------------------|---|-----------------------|-----------------------|
| 1 | 2 кіші «Гүлдер» тобы | 25 | 38 | 13 | 52% |
| 2 | 2 кіші «Айгөлек» тобы | 25 | 36 | 11 | 44 % |

| | | | | | |
|---|--------------------------|------------|------------|-----------|---------------|
| 3 | «Балдырған» ортаңғы тобы | 25 | 40 | 15 | 60% |
| 4 | «Алма» ортаңғы тобы | 25 | 40 | 15 | 60% |
| 5 | «Күншуақ» ересек тобы | 25 | 32 | 7 | 28% |
| 6 | «Балапан» ересек тобы | 25 | 34 | 9 | 36 % |
| | Барлығы: | 150 | 220 | 70 | 46,6 % |

Мектепке дейінгі мекеменің ғимаратында 6 топ, топтарында жоғарыда көрсетілгендей бала тығыздығы нормадан көп (бала саны кейбір топтарда 7 – ден 15 –ке дейін ауытқиды), нормадан артығы - 70 баланы (46,6 %) құрайды.

| 2012-2013ж. | 2013-2014ж. | 2014-2015 ж. | 2015-2016 17.11.2015 |
|--|------------------------------|------------------------------|------------------------------|
| Жалпы балалар саны- 220 | Жалпы балалар саны- 220 | Жалпы балалар саны 220 | Жалпы балалар саны 220 |
| Балабақшаның ойын бөлмесінің ауданы кв.м ш.м. құрайды 300,2 | | | |
| Бір бала шаққанда 1,4 ш.м. | Бір бала шаққанда 1,4 ш.м | Бір бала шаққанда 1,4 ш.м | Бір бала шаққанда 1,4 ш.м |

МДҰ -ның үй-жайлары ауданы (ҚР Үкіметінің 17.03.2015 жылғы № 217 қаулысымен бекітілген) «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес келмейді: барлық ойын бөлмелерінің оқу ауданы 300,2 ш.м, бұл тәрбиеленушілер контингентіне (220) шаққанда 1,4 ш.м келеді, талап бойынша 2 ш.м келу керек.

Жеке алғанда 6 топ бойыншада ойын бөлмесінің ауданы сәйкес келмейді: «Гүлдер» II кіші топта – 38 бала, ойын бөлме ауданы – 46,7 ш.м, 1 балаға шаққанда – 1,2 ш.м., «Айгөлек» II кіші топта – 36 бала, ойын бөлме ауданы – 50,5 ш.м. 1 балаға шаққанда – 1,4 ш.м, «Балдырған» ортаңғы тобында 40 бала, ойын бөлмесінің алаңы – 49,1 ш.м 1 балаға шаққанда – 1,2 ш.м., «Алма» ортаңғы тобында - 40 бала, ойын бөлмесінің алаңы – 52 ш.м. 1 балаға шаққанда – 1,3 ш.м., «Күншуақ» ересектер тобында бала саны – 32, ойын бөлмесінің алаңы – 49,5 1 балаға шаққанда – 1,5 ш.м., «Балапан» ересектер тобында 34 бала, ойын бөлмесінің алаңы – 55 ш.м, 1 балаға шаққанда – 1,6 ш.м. құрайды.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен келісімдердің бар болуы және олардың мазмұны.

Тексеріс кезінде балабақшада 220 бала тәрбиеленуде. Балабақшада баланы қабылдау үшін ата-аналармен келісім-шарттар жасалған.

Тәрбиеленушілердің жеке іс-қағаздары тексерілді: олардың ата-аналарымен келісім-шарттары бар. Келісім-шартта ата-аналардың міндеттері мен құқығы, МДҰ - ның міндеті мен құқығы, баланың балабақшада болу уақыты мен төлем ақылары көрсетілген. Ата-аналармен арадағы келісім-шарттар МДҰ меңгерушісімен жасалған.

МДҰ тәрбиеленушілерінің әлеуметтік - отбасылық құрамы

| Жылдары | Балалар саны | Толық отбасы | Толық емес отбасы | Көп балалы отбасы | Қамқорлыққа алынған |
|-------------------------|--------------|--------------|-------------------|-------------------|---------------------|
| 2012-2013 | 178 | 165 | 10 | 3 | |
| 2013-2014 | 184 | 164 | 11 | 9 | |
| 2014-2015 | 182 | 154 | 18 | 10 | - |
| 2015-2016 17.11.2015 | 182 | 154 | 17 | 11 | - |

Аттестаттау кезеңінде тәрбиеленушілердің қатысымы тексерілді.
17.11-19.11.2015 ж. аралығында қатысым көрсеткіші

| № | Топтың атауы | Тізім бойынша | 17.11. | 18.11. | 19.11. | Орташа көрсеткіш | Қатысым % |
|---|-------------------------|---------------|------------|------------|------------|------------------|--------------|
| 1 | 2 кіші «Гүлдер» тобы | 38 | 19 | 18 | 21 | 19 | 67,8% |
| 2 | 2 кіші «Айгөлек» тобы | 36 | 24 | 24 | 23 | 23 | 79,3% |
| 3 | «Балдырған ортаңғы тобы | 40 | 30 | 21 | 14 | 22 | 59,4% |
| 4 | «Алма» ортаңғы тобы | 40 | 24 | 28 | 23 | 25 | 64% |
| 5 | «Күншуақ» ересек тобы | 32 | 26 | 26 | 24 | 25 | 78% |
| 6 | «Балапан» ересек тобы | 34 | 21 | 16 | 13 | 17 | 54,8% |
| | Барлығы: | 220 | 144 | 133 | 118 | 131 | 60,5% |

Қатысымды тексеру барысында 3 күнде тәрбиеленушілер орта есеппен 60,5 % пайызы (131 бала) қатысты. Ал орташа есеппен 40,4% қатыспады(оның ішінде 36,8 % -і себепсіз) . 1 бала ата-анасының арызы бойынша демалыс алуларына, 7 бала денсаулықтарына байланысты болса, қалғандары себепсіз келмеген

Соңғы үш жылда тәрбиеленушілер қатысымының орташа деңгейі

| 2012-2013 оқу жылы | 2013-2014 оқу жылы | 2014-2015 оқу жылы | 2015-2016 оқу жылы 17.11.2015 |
|--------------------|--------------------|--------------------|----------------------------------|
| 220 (79%) | 220 (69,1%) | 220 (77,2%) | 220 (61,9%) |

Балалардың қатысымы және сырқаттануын талдау

| Көрсеткіштер | 2012-2013 | 2013-2014 | 2014-2015 |
|---|-----------|-----------|-----------|
| Орташа тізім құрамы | 183 | 203 | 203 |
| Балалардың ауруына байланысты келмеген саны | 495 | 4238 | 4327 |
| Бір баланың келмеген күндер саны | 3 | 11 | 5 |

| | | | |
|----------------------------|------|-------|-------|
| Аурулардың орташа ұзақтығы | 3 | 5 | 5 |
| Қатысым | 2468 | 49652 | 25074 |

Сырқаттану жағдайларына байланысты қатыспаған күндер: **2012-2013 жылы** – 384, ОРЗ /ОРВИ – 43 жағдай, фарингит - 279 Лари нгит – 2, бронхит – 30, трахеит – 17, отит-4, танзилит – 5, травматизм – 1, стоматит – 2, дерматит – 3 жағдай тіркелген.

2013-2014 жылы – 657, ОРВИ -118, форингит –356, отит-7, травматизм – 6, дерматит – 8, конъюктивит – 2, бронхит -32, бронхиальная астма -1, гастрит-1, цистит -1 және тағы да басқа – 127 ауру түрлері тіркелген.

2014-2015 жылы : 336, ОРВИ -74, форингит –216, отит-4, травматизм – 7, термикалық күйік – 1, аппендецит – 1, аденоиды -2, стоматит – 5, дерматит – 3, желшешек - 3, конъюктивит – 2, бронхит -18 жағдай тіркелген.

Соңғы үш жылда мектепке дейінгі мекеме тәрбиеленушілерінің қатысым пайызы бірқалыпты, орташа 75 пайызды құрайды.. Сырқаттану жағдайлары бойынша 2012-2013 жылына қарағанда, 2015-2016 жылда төмендеген. Балалардың ауруына байланысты келмеген саны - 11 болса, соңғы екі жылда – орташа – 5 көрсетті

Кемшіліктер мен ескертулер:

✓ Мектепке дейінгі ұйымның топтардағы тәрбиеленушілер саны тығыз, балаларды топқа жасақтауда Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2015 жылғы 17 наурызында № 217 бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» туралы санитариялық қағидалардың 11 қосымшасы (топтағы бала санының 25–тен аспауы) толық ескерілмеген, 6 топтағы бала саны нормадан жоғары, ол топтарда артық балалар саны 7 – 15 аралығында, нормадан артығы - 70 баланы (46,6 %) құрайды.

✓ Тәрбиеленушілердің қатысымы төмен, аттестаттау кезеңіндегі 3 күнгі тексеруде тәрбиеленушілердің 36 % -і себепсіз бақшаға келмеді.

Ұсыныстар:

✓ Мектепке дейінгі ұйымда балаларды топқа жасақтауда Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2015 жылғы 17 наурызында № 217 бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» туралы санитариялық қағидаларының талаптары сақталсын

✓ Тәрбиеленушілердің қатысымы жақсартылсын, ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізілсін.

5. 4. Оқу-әдістемелік жұмыстар

1) Оқу-әдістемелік құжаттардың: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, оқу бағдарламаларының, мектепке дейінгі білім

беруді дамытудың концепциясы, жұмыс оқу бағдарламалары, жылдық жоспарлар және даму бағдарламасы

1. Мектепке дейінгі ұйымында тәрбие- оқыту жұмыстары ҚР Білім және ғылым министрлігінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 628 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ережелер. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ҚР МЖМБС 1.001-2009» (одан әрі "ҚР МЖМБС 1.001-2009") және 2012- 2013, 2013-2014, 2014-2015, 2015 - 2016 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамызда №1080 қаулысымен қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына» сай өткізілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы әзірлеген "Зерек бала" (4топта), "Біз мектепке барамыз"(2топта) бағдарламалары басшылыққа алынған. Мектепке дейінгі ұйымның 3 жылғы жұмыстық оқу жоспары Ақтөбе қалалық білім бөлімінің басшысы Л.А.Уразбаевамен келісіліп, МДҰ меңгерушісі Б.Молжановамен бекітілген.

Жұмыстық оқу жоспарлары 2012-2013 оқу жылында ҚР МЖМБС 1.001-2009» -на , ал 2013-2014, 2014-2015, 2015-2016 оқу жылдарында ҚР МЖМБС 1.4.002-2012. талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 20.12.2012ж № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына сай құрылған. Мектепке дейінгі ұйымдағы топтың ҰОІӨ-нің перспективалық жоспарлары 2010 жылғы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы әзірлеген "Зерек бала", "Біз мектепке барамыз" бағдарламалары және осы бағдарламаларды негізге алып құрылған ҚР БЖҒМ ұсынған Алматы кітап баспасынан 2014 жылы шыққан Әдістемелік құралдарды («3+», «4+», «5+») басшылыққа ала отырып жұмыстанады.

Перспективалық жоспарлар

2013-2014, 2014-2015, 2015 – 2016 оқу жылдарының перспективалық жоспарлары түгел, талапқа сай жасалынған. Топтардың технологиялық карталары тексерілді, барлық топтарда ҰОІӨ-нің технологиялық карталары перспективалық жоспарға сәйкес келеді.

Барлық топтардың 3 оқу жылындағы технологиялық карталары түгел жинақталған. Алайда технологиялық карталарды жазуда тәрбиешілер картаның құрылымын сақтағанымен ,«Ұйымдастырушылық –ізденістік» бөлімінің мазмұнын толық ашпай жазады , тәрбиешінің іс-әрекеті, балалардың іс-әрекеті толық ашылмаған. Топтардың тіршілік әрекеті мен тәрбиесін ұйымдастыру циклограммалары жүргізіледі, жинақталған, бекітілген. Циклограмма құрылымы толық қамтылмаған. Серуеннің 3 бөлімін толық көрсету , күннің екінші жартысында жүргізілетін тәрбие жұмыстары толық көрсетілмеген , жеке балалармен жүргізілетін жұмыс түрлерін ашып көрсету.

Күн тәртібі

Мектепке дейінгі ұйымда 2015 жылғы 17 наурыз ҚР Үкіметінің № 217 қаулысымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптары. Санитарлық қағидаларына» талаптарына сай күн тәртібі бекітілген. Балалардың балабақшада болу уақыты- 10,5 сағат . Мекемеде күн тәртібі талапқа сәйкес орындалады.

Мектепке дейінгі ұйымда 2013-2018 жылдарына арналған даму бағдарламасы жоспарланған. Даму бағдарламасы талапқа сай құрылған. Бағдарлама мемлекеттік тілде жазылған, педагогикалық кеңесте бекітілмеген. Алдымен даму бағдарламасына түсіндіру жазбасы, төлқұжаты, сипаттамасы және күтілетін нәтижесі анық жазылған. Бағдарлама мазмұны 6 бөлімнен тұрады:

- 1) медициналық-әлеуметтік жағдайлар ұйымдастыру,
 - 2) ортақ ұйымдар мен отбасыларымен балабақшаның өзара әрекеттесуі,
 - 3) кадрлармен жұмыс,
 - 4) МДҰ-да дамушы білім кеңістігін ұйымдастыру,
 - 5) психологиялық сүйемелдеу,
 - 6) МДҰ білім беру процесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету.
- Бағдарлама кезеңдерге бөлініп, оның мақсат-міндеттері, жұмыс түрлері анық көрсетілген. 2013-2018 жылдарға арналған Даму бағдарламасының орындалуына мемлекеттік тілде талдау жүргізіліп, қорытынды жасалынған.
- 2) Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоспарлау жаңа Мемлекеттік стандарттың талаптарына, нормаларына сай жүргізіледі. Білім беру салалары бойынша перспективті жоспарлар құрылып, бекітілген. Тәрбиешілер балалардың тіршілік әрекетін және тәрбиесін ұйымдастыратын циклограммаларды, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыптық жоспарларын, әр ұйымдастырылған оқу іс - әрекетіне жеке технологиялық карталарды құрған. Ата-аналармен жұмыс, серуенді жоспарлау, сауықтыру жұмыстары бір құрамдас өткізіледі. Нормативтік құжаттары, өз білімін жетілдіру жоспарлары және дәптерлері бар. Бірақ жас педагогтардың өз білімін жетілдіру мәселесін іске асыру жұмысын қадағалауға алған жөн.
- 3) Тексеріс барысында мектепке дейінгі ұйымының 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015, 2015 - 2016 оқу жылдарына арналған оқу-тәрбие жылдық жұмыс жоспарлары қаралды. Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі бекіткен жылдық жоспары негізінде құрылған айлық жоспарлары бар. 2015-2016 оқу жылындағы оқу- тәрбие жұмыс жоспарын жетілдіруді қажет етеді, бақшаішілік бақылау бөлімі мен ашық қаралымдар жоспары және 3 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым жұмысының толық талдауы(мәлімет түрінде жазылған) толықтыруды, түзетуді қажет етеді.

Соңғы үш жылда педагогикалық ұжым келесі жылдық мақсаттар

| Оқу жылы | Оқу жылы міндеттері |
|---------------|--|
| 2013 – 2014ж. | Мектепке дейінгі ұйымда мемлекеттік стандартқа сәйкес пәндік – |

| | |
|----------------------|--|
| | дамытушы органы ұйымдастыруды жетілдіру МДҰ мен сабақтастық және серіктестік негізінде ата- аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруды жалғастыру |
| 2014 – 2015ж. | Мектепке дейінгі ұйымда пәндік – дамытушы органы ұйымдастыру . Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі қауіпсіздік мінез – құлық негіздерін қалыптастыру |
| 2015-2016ж. | Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі қауіпсіздік мінез –құлық негіздерін қалыптастыруды жетілдіру Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық мәдениетті қалыптастыру |

Жылдық жоспарларды құру жылдық оқу тәрбиелік процесін талдау негізінен туындау қажет. Жылдық міндеттерді айқындау кезінде қарапайымнан күрделіге көшу қағидасын ескере отырып толық жүзеге асыру үшін технологиялық тізбекті сақтау қажет (құру, дамыту, бекіту)

МДҰ –да 2013- 2014 жылдық жоспарда жылдық міндеттердің орындалуы педагогикалық кеңесте қаралған .2014 -2015 оқу жылының жылдық міндеттері бақылау басшылықта толық қамтылмаған.2014- 2015 оқу жылында «Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі қауіпсіздік мінез – құлық негіздерін қалыптастыру» міндеті алынған, оның орындалуы барысында МДҰ –да қауіпсіздікке байланысты арнайы бұрыш ұйымдастырылған және де барлық топтарда шағын бұрыштар ұйымдастырылып, көрнекіліктер жинақталған

Жылдық жоспарлар педагогикалық кеңестерде бекітілген, 9 бөлімнен тұрады:

- 1 Өткен оқу жылының оқу тәрбие жұмысын талдау.
- 2 Жұмыс циклограммалары
- 3 Кеңестер, педкеңестер, семинарлар, біліктілікті арттыру курстары, әдістемелік сағаттар, өз білімін жетілдіру бойынша жұмыс, педагогикалық тәжірибені жалпылау.
- 4 Әдістемелік кабинет жұмысын ұйымдастыру.
- 5 Мектеппен сабақтастық
- 6ТЖ бойынша іс -шаралар.
- 7 МДҰ оқу тәрбие жұмысын бақылау және басшылық
- 8 Қоғамдық және отбасылық тәрбие
- 9 Материалдық техникалық базаны нығайту.

МДҰ-де қосымша ақылы білім беру қызметі қарастырылған –хореография үйірмелері қалалық эксперттік кеңестің 25.09. 2015 жылғы № 976 бұйрығымен бекітілген. Алайда *МДҰ жарғысында ҚР « Білім туралы» Заңның 41-бабының 5 тармағына сәйкес ақылы қызмет көрсетудің тізбесін және тәртібін көрсетпеген.*

МДҰ – де хореография үйірмесі 4 – топта , ҰОІӨ кестесі бойынша аптасына 2 –рет МДҰ меңгерушісінің бекітілуімен жүргізіледі.Хореография жетекшісі : Әбдіғалиева Айзат Әбдіғалиқызы , білімі – жоғары , мамандығы – би жетекшісі . Хореография үйірмесіне 4 топтың ата – аналарымен келісім

шартқа отырылған , сабақ кестесі бекітілген . Хореография үйірмесі музыка залында жүргізіледі , би үйірмесіне арнайы құралмен жабдықталмаған.

4) Педагогтардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін жасау принциптері; ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі және СанЕМН-ге сәйкестігі. Тәрбиеленушілер қызметінің түрін өзгертуін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестелерінің тұрақты тепе-теңдігі сақталған

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестесі базистік оқу жоспарына және СанЕЖН-ге сай құрылған. Тәрбиеленушілер қызметінің түрін өзгертуді қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестелерінің тұрақты тепе-теңдігі сақталған. Оқу жылдарындағы ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес, сағат сандары нормативтік құжаттарға сүйеніп жасалынып, бекітілген.

2015-2016 оқу жылында 6 топ жұмыс жасайды. Барлық бала саны 220. Барлық топтарда оқу– жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Базалық оқу жоспарында әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемесінің белгіленген шеңберінде ауытқушылық жоқ, апталық сағат сандары толық сақталынған. 3 оқу жылының да базистік оқу жоспарлары мемлекеттік тілде жазылып, қалалық білім бөлімімен келісілген, МДҰ менгерушісімен бекітілген.

II кіші тобы – 2 (ҰОІӨ жалпы көлемі - 11; вариативті сағат -1), Ортаңғы топ – 2 (ҰОІӨ жалпы көлемі – 12; вариативті сағат - 2),Ересектер тобы – 2 (ҰОІӨ жалпы көлемі -17, вариативті сағат - 3)

2013-2014 оқу жылдары оқу жоспарының вариативтік бөліміне алынған бағдарламалар: қазақ тілінде оқытылатын Екінші кіші (2) тобында : «Асыл мұра»-1 сағат; Ортаңғы топтарда – топта : «Шебер қолдар» - 1 сағат, «Асыл мұра»-1 сағат, ересек тобында: «Асыл мұра»- 1 сағат, «Шебер қолдар» – 1 сағат. «Билеп үйренейік» - 1 сағат .

2014-2015 , 2015 – 2016 оқу жылдары оқу жоспарының вариативтік бөліміне алынған бағдарламалар: қазақ тілінде оқытылатын Екінші кіші (2) тобында : «Қызықты пішіндер»-1 сағат; Ортаңғы топтарда – топта : «Шебер қолдар» - 1 сағат, «Асыл мұра»-1 сағат, ересек тобында: «Біздің әлем»- 1 сағат, «Шебер қолдар» – 1сағат. «Асыл мұра» - 1 сағат . Вариативтік сағаттар саны базистік оқу жоспарына сай бөлінген. Вариативтік бөлімдері педагогикалық кеңес шешімімен бекітіліп, қалалық білім бөлімінің эсперттік комиссиясы отырысында мақұлданған.

5. МКҚК № 35 «Балбұлақ» МДҰ-да Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығының ұйымдастырылуымен өткен «Ең үздік 10 инновациялық жоба» атты облыстық байқауға қатысып , 2014-2017 оқу жылында № 1174 09.12.2014 ж «Мектепке жасына дейінгі баланың өміріндегі қауіпсіздік мінез – құлық негіздерін қалыптастыру » тақырыбында облыстық эксперименттік алаң ашылған. Эксперименттік алаң ортаңғы топтарда жүргізіледі.

б) Тәрбиеленушілерді психологиялық және коррекциялық қолдауды қамтамасыз ету (психологиялық қызметтің, логопунктың бар болуы; оның мақсаты және жұмыс істеу әдісі, балаларға, ата-аналарға және педагогтарға психологиялық және коррекциялық көмек беру мәселелерін шешу);

МКҚК № 35 «Балбұлақ» МДҰ- да балалармен психологиялық қызмет жүргізіледі, арнайы бөлме жабдықталған, ойын құралдарымен әдістемелік құралдармен жабдықталған.

Психолог: Байтлеуова Гулмира Телегисовна

Санаты: жоқ

Білімі: жоғары

Мамандық: «Педагогика және психология»

Толық еңбек өтілі: 19 жыл 10 ай

Қызметі бойынша еңбек өтілі: 6 жыл 5 ай жыл

Осы мекемедегі өтілі: 1 жыл 11 ай

Біліктілігін көтеру курстары:

1.«Мектепке дейінгі балалардың дамуына психологиялық ықпал ету» «Келешек» 2015 ж. Астана

2. «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне психологиялық қолдау және бағыт беру» Ақтөбе қаласының «Қалалық ғылыми- әдістемелік орталығы» 2014 жыл Ақтөбе қаласы.

3.«Эксперименттік және инновациялық қызметті ұйымдастырудағы ғылыми- методологиялық негіздері» Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірбиелік орталығы 2014 жыл Ақтөбе қаласы.

4. «Тұлғаны табысты әлеуметтендіруде әлеуметтің тәрбиелік әлеуетін кіріктіру» «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ 2015 жыл Ақтөбе қаласы

Жетістігі: «Үркер» IQ орталығының дипломы 2015 жыл

Әр түрлі жастың балаларымен түзету-дамыту, диагностика жұмыстарын өткізу үшін жеткілікті деңгейде көрнекі құралдар, дидактикалық ойындар бар.

Психологтың жылдық жұмысы, айлық жоспары құрылып, бекітілген. Жоспарда диагностикалық, түзету дамыту жұмысы толық көрсетілген. Ата аналармен, педагогтермен сауалнамалар жүргізілген, қорытындысы шығарылған.

Топтарда әлеуметтік паспорты жүргізілген. Әр топқа тәрбиеленушілермен өткізілген шараларға материалдар жинақталған. «Психологиялық диагностикалық жұмыстар», «Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар» папкалары жинақталған.

Психолог Байтлеуова Г. Т психологиялық қызметті жүргізуде әдістемені меңгерген.

7) Оқу-әдістемелік және әдеби кітаптармен қамтамасыз ету

МДҰ-де арнайы әдістемелік бөлме қарастырылған, әдістемелік бөлмеде оқу-әдістемелік әдебиеттер жинақталған. Республикалық «Мектепке дейінгі ұйым басшысының анықтамалығы», «Тәрбиелік іс-шаралар», «Балабақша тәрбиелеу және оқыту», «Бала тәрбиесі», «Өзін-өзі тану» журналдары мен

«Күншуақ», «Ботақан», «Дошкольное воспитание» бар. Мектепке дейінгі ұйымда «Алматы кітап» баспасынан 200 кітап қоры бар. Әдістемелік әдебиеттер орыс, қазақ тілінде жинақталған. Жыл мезгілдері, көкөністер мен жемістер, музыкалық аспаптар, жәндіктер бейнеленген 24 плакат бар. Уақытылы баспасөзге жазылып отырған. Оқу-әдістемелік және әдеби кітаптармен әлі де толықтыруды қажет етеді.

8) Мектепке дейінгі білім берудің жаңа түрлерін ұйымдастыру және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша практикалық материалдармен қамтамасыз ету;

Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмыс педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Мектепке дейінгі ұйымның оқу – әдістемелік жұмыстарын Бердақова Сая Мукаммедиевна атқарады. Білімі – жоғары, мамандығы – педагогика және психология. Жалпы еңбек өтілі – 7 ж, осы қызметте – 1 ж, 1 ай

Әдіскер жас маман болғандықтан көп ізденіс жасайды. Әйтсе де әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда тәжірибелі әдіскерлерден әдістемелік көмек алу керек.

Мектепке дейінгі білім берудің жаңа түрлерін ұйымдастыру бағытында педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі семинар – практикумдарды жүйелі ұйымдастыруды қажет етеді.

МДҰ – да балалардың жан – жақты дамуына негізделіп, педагогтардың шығармашылығымен адаптивтік бағдарламалар құрастырылып, қалалық білім беру бөлімінің эксперттік комиссиясың отырысында бекітілген (Хаттама № 1. 25.09.2015 ж № 976 бұйрығы).

Екінші кіші тобындағы «Қызықты пішіндер» бағдарламасы дамытушы ойындар арқылы тәрбиеленушілердің жеке танымдық қабілеттерін дамытудың оңтайлы көзқарасын қалыптастыру мақсатында қарастырылған. Ортаңғы тобындағы «Шебер қолдар» бағдарламасы баланың жеке көзқарасын, өй-өрісін, жан-жақтылық қабілетін дамыту үшін алынған. Шығармашылық қабілетін жетілдіру, бейнелеу өнерінің қыр-сырын таныта отырып бейімін қалыптастыруға бағытталған.

Ересек тобындағы «Біздің әлем» бағдарламасы баланың жеке тұлға ретінде белсенділігін арттыру, түрлі сезім мүшелерімен тірі және өлі табиғатпен қарым-қатынаста өзін-өзі ұстай білуіне негізделген.

Қалалық сараптау комиссиясымен бекітілген адаптивті бағдарламалар 2013-2014 ж

| № | Бағдарлама атауы | Мақсаты | Педагогтың аты-жөні | Бұйрық № |
|---|------------------|--|-------------------------------------|-----------------------------------|
| 1 | Шебер қолдар | Баланың жеке көзқарасын, өй-өрісін, жан-жақтылық қабілетін дамыту. Шығармашылық қабілетін жетілдіру. Бейнелеу өнерінің қыр-сырын таныта отырып бейімін қалыптастыру. | Нургалиева Ж.С. Байсеркешова Ғ.А | ҚББ№66 9 (06.09.20 13 ж) |

| | | | |
|---|-----------------|--|----------------------------|
| 2 | Асыл мұра | Баланың образдарды құрастыру іскерліктерін, өнертапқыштығы және ептілігін дамыта отырып, патриоттық адамгершілікке тәрбиелеу. Әсемдік пен әдемілікке баулуда көркем шығарманың сахнасын безендіру, қуыршақтар дайындауда еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Токпанова З.А |
| 3 | Билеп үйренейік | Музыкалық-ырғақты би сабақтарында балалардың эстетикалық тәрбие мен шығармашылық қабілеттерін дамыта отыра денсаулықтарын нығайту және артыру. | Спанова Г.Е Казиева А.М |

**Мектепке дейінгі ұйымда адаптивтік бағдарламалар туралы мәлімет
2014-2015 жж.**

| № | Бағдарлама атауы | Мақсаты | Педагогтың аты-жөні | Бұйрық № |
|---|------------------|--|--------------------------------------|------------------------------|
| 1 | Шебер қолдар | Баланың жеке көзқарасын, өй-өрісін, жан-жақтылық қабілетін дамыту. Шығармашылық қабілетін жетілдіру. Бейнелеу өнерінің қыр-сырын таныта отырып бейімін қалыптастыру. | Нургалиев а Ж.С. Байсеркешова Ф.А | ҚББ б.№709 (04.09.2014 ж) |
| 2 | Асыл мұра | Баланың образдарды құрастыру іскерліктерін, өнертапқыштығы және ептілігін дамыта отырып, патриоттық адамгершілікке тәрбиелеу. Әсемдік пен әдемілікке баулуда көркем шығарманың сахнасын безендіру, қуыршақтар дайындауда еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Токпанова З.А | |
| 3 | Қызықты пішіндер | Дамытушы ойындар арқылы тәрбиеленушілердің жеке танымдық қабілеттерін дамытудың оңтайлы көзқарасын қалыптастыру. | Қыдырәли на Г.Б | |
| 4 | Біздің әлем | Баланың жеке тұлға ретінде белсенділігін арттыру, түрлі сезім мүшелерімен тірі және өлі табиғатпен қарым-қатынаста өзін-өзі ұстай білуін. | Нұрписова Г.К Рамазанов а Г.Б | |

**Мектепке дейінгі ұйымда адаптивтік бағдарламадар туралы мәлімет
2015-2016жж**

| № | Бағдарлама атауы | Мақсаты | Педагогтың аты-жөні | Бұйрық № |
|---|------------------|--|-------------------------------------|---------------------------------|
| 1 | Шебер қолдар | Баланың жеке көзқарасын, өй-өрісін, жан-жақтылық қабілетін дамыту. Шығармашылық қабілетін жетілдіру. Бейнелеу өнерінің қыр-сырын таныта отырып бейімін қалыптастыру. | Нургалиева Ж.С. Байсеркешова Ф.А | ҚББ б.№976 (25.09.2015 ж) |
| 2 | Асыл мұра | Баланың образдарды құрастыру іскерліктерін, өнертапқыштығы және | Токпанова З.А | |

| | | | |
|---|------------------|--|---------------------------------|
| | | ептілігін дамыта отырып, патриоттық адамгершілікке тәрбиелеу. Әсемдік пен әдемілікке баулуда көркем шығарманың сахнасын безендіру, қуыршақтар дайындауда еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | |
| 3 | Қызықты пішіндер | Дамытушы ойындар арқылы тәрбиеленушілердің жеке танымдық қабілеттерін дамытудың оңтайлы көзқарасын қалыптастыру. | Қыдыралина Г.Б |
| 4 | Біздің әлем | Баланың жеке тұлға ретінде белсенділігін арттыру, түрлі сезім мүшелерімен тірі және өлі табиғатпен қарым-қатынаста өзін-өзі ұстай білуін. | Нұрписова Г.К Рамазанова Г.Б |

9) Жас педагогтармен жұмыстар

МКҚК № 35 «Балбұлақ» МДҰ-да

2013- 2014 оқу жылында 3 педагог

2014- 2015 оқу жылында 4 педагог

2015 –2016 оқу жылында 2 педагог бар.

Жас мамандардың барлығына тәлімгерлер бекітілген.

Жүргізілетін жұмыстардың жылдық жоспары құрылған, МДҰ –ның меңгерушісімен бекітілген. Жас мамандармен жұмыс МДҰ-нің жылдық жоспарында енгізілген, бекітілген.

МКҚК №35 «Балбұлақ» МДҰ бойынша жас маман туралы мәлімет

| № | Оқу жылы | Жас маман | Тәлімгер |
|----|-------------|---|---|
| 1 | 2013-2014 ж | Рамазанова Г. Б. Онбаева Э. М. Бақтыбаева А. Қ. | Джумагалиева А. И. Токпанова З. А. Қыдыралина Г. Б. |
| 2. | 2014-2015ж | Рамазанова Г. Б. Бақтыбаева А. Қ. Жумабаева Ж. Б. Атағұлова Ғ. | Камыспаева Г. К. Қыдыралина Г. Б. Ержан Г. А. Токпанова З. А |
| 3. | 2015-2016ж | Кубжанова С.У. Атағұлова Ғ. | Нурписова Г. К. Токпанова З. А. |

Жас мамандармен әлі де жұмыстану керек, жұмыс түрлері бір бағытты, толықтыруды қажет етеді . Мысалы: дөңгелек стол, семинар-практикум, бақша ішілік байқауларға қатыстыру, жас мамандар арасында сайыстар ұйымдастыру.

10. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысым сапасы

«Балбұлақ » МДҰ –да 2015 жылдың 17-19 қарашасы аралығында мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшелері барлығы **14 педагогтың(тәрбиешілер мен мамандар) 14 ҰҚІӘ –не(100%) қатысты.**

Меңгеруші, әдіскер мен психологтың сабақтары болмауына байланысты қатысылмады.

ҰҚІӨ сапасын талдау «Балабақшада сапалы білім беру және тәрбиелеу критерийлерін» қолдану арқылы жүргізілді. ҰҚІӨ сапасы 8 критерий бойынша талданды.

Нәтижесінде білім беру сапасы бойынша жалпы балл -418 , пайыздық баға –75 болып , «жақсы деңгейде» деген қорытынды шығарылды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының сапалы білім беру және тәрбиелеу критерийлері

| № | Педагогтың аты-жөні | Лауазымы | Топ атауы | ҰОІӨ | МЖБС-жеңжалыға білім беру бағдарламаларын нақты білуі | Оқыту әдістерін нақты білу және оларды практикада қолдануы. | ҰОІӨ – де жағымды психологиялық климат. | Оқу іс – әрекетін жоспарлау сапасы. | Оқу үрдісін басқару. | Білім беру ресурстарын тиімді пайдалану. | Тәрбиешінің ҰОІӨ – не дайындалуы. | Балалардың жетістіктеріне деген талаптар деңгейі. | Баллдары | Пайыздық баға |
|----|---------------------------------|-----------|---------------------------|---|---|---|---|-------------------------------------|----------------------|--|-----------------------------------|---|----------|---------------|
| | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Канаева Рада | Орыс тілі | Ересек тобы «Куншуак» | Орыс тілі | 4,5 | 4,5 | 3 | 3 | 4,5 | 3 | 3 | 4,5 | 30 | 72-жақсы |
| 2 | Калиев Сагынтай Ахметович | музыка | Ересек тобы «Балапан» | «Музыка» | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 3 | 4,5 | 3 | 3 | 4,5 | 31,5 | 75-жақсы |
| 3 | Токпанова Зульфия Амангелдиевна | тәрбиші | Ересек тобы «Куншуак» | Әлеуметтік орта саласы «Экология» ҰОІӨ | 6 | 6 | 6 | 3 | 4,5 | 3 | 4 | 4,5 | 37 | 88-үлгілі |
| 4 | Байсеркешова Галия Амандыковна | тәрбиші | Ортаңғы тобы» Балдырған » | «Денсаулық» саласы «Дене шынықтыру » ҰОІӨ | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 3 | 4,5 | 3 | 3 | 4,5 | 31,5 | 75-жақсы |
| 5 | Түгелбай Ардақ Қобланқызы | тәрбиші | Ортаңғы тобы» Балдырған » | Таным саласы» «ҚМҰҚ» ҰОІӨ | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 3 | 4,5 | 3 | 3 | 4,5 | 31,5 | 75-жақсы |
| 6 | Кубжанова Салтанат Уразбаевна | тәрбиші | Ортаңғы тобы» Алма» | Әлеуметтік орта саласы « Экология» | 3 | 3 | 4,5 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 25,5 | 61-ж.қ.е |
| 7 | Атағұлова Ғауһар | тәрбиші | Ересек тобы «Куншуак | Таным саласы» «ҚМҰҚ» ҰОІӨ | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 4,5 | 25,5 | 61-ж.қ.е |
| 8 | Нурписова Гульбану Кусаиновна | тәрбиші | II кіші топ « Айгөлек"» | «Шығармашылық» саласы «Жапсыру» ҰОІӨ | 4,5 | 4,5 | 6 | 4 | 4,5 | 3 | 3 | 6 | 35,5 | 84,5 жақсы |
| 9 | Сартова Гулзайнап Елемесовна | тәрбиші | Ересек тобы «Балапан» | Таным саласы» «ҚМҰҚ» ҰОІӨ | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 3 | 4,5 | 3 | 3 | 4,5 | 31,5 | 75-жақсы |
| 10 | Ешмағанбетова Зухра Ешанқызы | тәрбиші | II кіші топ « Гулдер | Қатынас саласы « Тіл дамыту» ҰОІӨ | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 3 | 4,5 | 3 | 3 | 4,5 | 31,5 | 75-жақсы |
| 11 | Джумағалиева Айнаш Испаевна | тәрбиші | II кіші топ « Айгөлек | «Шығармашылық» саласы «Сурет» ҰОІӨ | 4,5 | 4,5 | 3 | 3 | 4,5 | 2 | 3 | 4,5 | 29 | 69-жақсы |
| 12 | Камыспаева Гулмира Капуровна | тәрбиші | Ортаңғы тобы» Алма | «Таным» саласы «Құрастыр | 3 | 3 | 4,5 | 3 | 3 | 3 | 3 | 4,5 | 27 | 64-жақсы |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----------------|-------------------------------------|---------|--------------------------|---|-----------|-----------|-----------|---------------|---------------|-----------|---------------|-------|-----------|------------|------------|
| | | | | у» ҰОІӘ | | | | | | | | | 3 | 25,5 | 60,7 ж.қ.е |
| 13 | Ержан Гүлжанат Аманжолқызы | тәрбиші | Ересек тобы «Балапан» | Қатынас саласы «Көркем әдебиет» | 4,5 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 25,5 | 60,7 ж.қ.е |
| 14 | Рамазанова Гулия Байтутеловна | тәрбиші | II кіші топ « Гулдер» | «Таным» саласы «Құрастыр у» ҰОІӘ | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 4,5 | 25,5 | 60,7 ж.қ.е | |
| МДҰ қорытындысы | | | | | 58,5 | 57 | 58,5 | 43 | 55, 5 | 41 | 43 | 61,5 | 418 | | |
| Пайыздық баға | | | | | 69,7 | 67,9 | 69,7 | 76, 8 | 66, 1 | 73,2 | 76, 8 | 73,2 | 71 | | |
| | | | | | Жақ сы | Жақ сы | Жақ сы | Ж ақ сы | Ж ақ сы | Жақ сы | Ж ақ сы | Жақсы | Жақ сы | | |

Үлгілі: 1 ; «Жақсы» -9 ; «Жақсартуды талап етеді» - 4 ; «Төмен» - 0
**Педагогтар ҰОІӘ-ін өткізуге жақсы дайындықпен келген ,
көрнекіліктер, интерактивті тақтаны пайдалана отырып үлгілі, жақсы
сабақтар көрсете алды.**

Кемшіліктер мен ескертулер:

1.2015-2016 оқу жылындағы оқу- тәрбие жұмыс жоспарын жетілдіруді
қажет етеді, бақшаішілік бақылау бөлімі мен ашық қаралымдар жоспары
және оқу жылының қорытындысы бойынша мектепке дейінгі ұйым
жұмысының толық талдауы(мәлімет түрінде жазылған) толықтыруды,
түзетуді қажет етеді.

2.Әдістемелік бөлмеде әдістемелік әдеби оқулықтары аз қамтылған

Ұсыныстар:

1. Мектепке дейінгі ұйымда жұмыс жоспарының барлық бағыттары бойынша уақытылы, сапалы орындалуына бақылау күшейтілсін
2. Әдістемелік бөлмені әдістемелік әдеби оқулықтармен толықтыру жүргізу

5.5. Оқу-тәрбиелік жұмыс

1) Тәрбиеленушілерді құқықтық тәрбиелеу, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

Оқу-тәрбие процесі Мемлекеттік стандартқа және базистік оқу жоспарының талаптарына сай ұйымдастырылады, оқу жүктемесінің максималды көлеміне және талаптарына жауап береді. МДҰ ұжымы өз қызметін төмендегідей бағдарламалар мен педагогикалық технологиялар бойынша жүзеге асырады:

- «Зерек бала» бағдарламасы;
- «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы;
- Мектепалды даярлық бағдарламасы.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтары тәрбиеленушілерінің жеке көзқарасын, ой өрісін, қабілеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру мақсатында "Шебер қолдар" ортаңғы және ересектер тобы, «Билеп үйренейік» бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

"Асыл мұра" құрастырылған бағдарламаласы ортаңғы, ересек топтарында ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер, көркем әдебиетке балалардың құштарлығын оятуға, театралдық әрекетке ниеттендіру, актерлық шеберлікке баулу мақсатында жүргізіледі.

Дамытушы ойындар арқылы тәрбиеленушілердің жеке танымдық қабілеттерін дамытудың оңтайлы көзқарасын қалыптастыру мақсатында "Қызықты пішіндер" II кіші тобында және "Біздің әлем" танымпаздыққа тәрбиелеу, табиғаты және адамның қолынан жасалған заттарды аялау дағдыларын қалыптастыру құрастырылған бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

2013-2014 оқу жылында «Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі қауыпсіздік мінез-құлық негіздерін қалыптастыру» тақырыбында облыстық эксперименттік алаңы болып бекітілген.

«Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі қауыпсіздік мінез-құлық негіздерін қалыптастыру» экспериментін жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі ұйымдағы дамытуші пәндік орта жасақталған, дидактикалық, дамытушы ойындары жинақталған.

Топтарда және холлда «Жол белгілері» бұрышы жабдықталып, балабақша ауласында жол белгілері орнатылған.

Осы тақырыпта семинарлар, баяндамалар өткізілген. Экспериментке қатысқан балаларының білім деңгейінің көрсеткіштері бақылау және эксперимент топтарының нәтижесі сарапталған.

«Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымның 2012-2013 оқу жылында құқықтық тәрбие жұмыстары педагогикалық кадрлармен жоспарланған, бірақ ата-аналармен, балалармен жұмысы жоқ. 2013-2014 оқу жылынан бастап жоспарында құқықтық тәрбие жұмысы жоспарлы түрде өткізілген, іс-шаралар сценарий, конспекттері жинақталған.

2014-2015 оқу жылында төмендегідей іс шаралар жоспарланған, материалдары жинақталған

| | | |
|--|-----------|------------------------|
| «Бала құқығы» бұрышын жабдықтау | Қыркүйек | Әдіскер |
| «Мен және менің құқығым» Тақырыптық ҰОІӨ | Қыркүйек | «Айгөлек» ересек тобы |
| «Бала және оның құқықтары» Жылжымалы буклет | Қараша | Психолог |
| «Тәуелсіздік ел тірегі» Ертеңгілік | Желтоқсан | Ортаңғы ересек топтар |
| «Сіз бала құқығы туралы не білесіз?» (Ата-аналарға сауалнама) | Ақпан | Психолог |
| «Татулық – бірлік бастауы» Ертеңгілік | Сәуір | Ортаңғы топтар |
| «Бала құқығы туралы Конвенцияны білесіз бе?» (Дөңгелек үстел) | Мамыр | Психолог |
| «Рәміздерім – мақтанышым» Тақырыптық ҰОІӨ | Маусым | Ортаңғы топтар |
| «Менің Отаным - Қазақстан» Тас жолда сурет салу | Тамыз | Барлық топтар |
| «Ата Заңым - айбыным» (Ата Заң мерекесіне арналған ертеңгілік) | Тамыз | Ортаңғы, ересек топтар |

2014-2015 оқу жылында төмендегідей іс шаралар жоспарланған, материалдары жинақталған

| № | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|-----------|------------------------|
| 1 | Менің балабақшадағы құқығым | Қыркүйек | Әдіскер |
| 2 | Спид 21 –ғасыр індеті | Қыркүйек | ересек тобы |
| 3 | Құқықты біз қалай түсінеміз? | Желтоқсан | Ортаңғы, ересек топтар |
| 4 | Жолдау білімнің жаңа көкжиегіне жетелейді | Желтоқсан | Ересек топ |
| 5 | Құқықтық тәрбие және құқықтық жігер | Сәуір | Ортаңғы топтар |
| 6 | «Арман қала –Астана» ертеңгілік | Шілде | Ортаңғы топтар |
| 7 | Менің қызығым мен міндеттерім | Тамыз | Барлық топтар |
| 8 | Отбасында бала құқығы ата-аналармен кеңес | Тамыз | Барлық топтар |

Тәрбиеленушілердің құқықтық білімін, патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында 2013-2014 оқу жылында «Елбасымен мақтанам-ардақтайтын Астанам!», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Елбасымен еңселіміз», «Отаным менің-Қазақстан!», «Тәуелсіздік тұғыры» тақырыптарында іс –шаралар, ҰОІӘ, өткізілген

2014-2015 оқу жылында «Көркейе бер, Ақтөбем», «Рәміздерім - мақтанышым», «Туыммен тұғырлымын, елтаңбаммен еңселімін», «Ана тілім –асыл мұрам», «Тәуелсіздік ел-тірегі», «Кішкентай болсақ та, ел қорғауға әзірміз» тақырыптарында акциялар, іс –шаралар, ашық көрсетілімдер өткізілген

2015-2016 оқу жылында «Ата Заңым менің», «Ана тілім-ажарым, асыл мұрам», «Рәміздерім мақтанышым» тақырыптарында ашық қаралымдар мен ертеңгіліктер өткізілген. ҚР Конституциясының 20 жылдығын мерекелеу қарсаңында «Мен –Қазақстан азаматымын» тақырыбында тас жолда сурет салу байқауы және қыркүйек айында тіл апталығы өткізілген.

Тәрбие беру жұмыстары ойын барысында және тақырыпқа, жас ерекшелігіне сай жүргізіледі.

2)Педагогикалық кеңесте тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін қарастыру.

«Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымының 2013-2014, 2014-2015 жылдық жоспарларына және 2015-2016 жылының педагогикалық кеңестерде жылдың міндеттері жазылған, күн тәртібінде тәрбиелік жұмыстардың жүйесі құрылып, қарастырылған, жүзеге асырылған. Отбасымен бірлескен мерекелік іс-шаралар жылдық жоспарларға сай ұйымдастырылып, өткізілген. Педагогикалық кеңестерде ата-аналармен жүргізілетін оқыту-тәрбиелеу жұмыстары бар бірақ толық толық жазылмаған.

Ата-аналармен жұмыстар ойын-сауықтар, байқаулар, мерекелік шаралар, денсаулық аптасы, спорттық шаралар, көрмелер, қолөнер бұйымдарының сайысы, «Тоғыз құмалақ» ата-аналар арасындағы сайыс, акция түрлерінде ұйымдастырылып отырған.

Мектепке дейінгі ұйымының жалпы ата-аналар жиналыстары жоспарлы түрде өткізілген. 2012 оқу жылынан бастап 2015 оқу жылына дейінгі жиналыс хаттамалары бар. Тәрбиелік жұмыстардың нәтижелілігі, мазмұны және формалары толық қарастырылған, жұмыстар жүргізіліп, жинақталған.

2013-2014 оқу жылында «Білім күні құтты болсын», «Алтын күз», «Күз байлығы» көрмелері, «Толағай» отбасылық сайысы, «Тәуелсіздік ел ұланы» мерекелік қойылым, «Қош келдің жаңа жыл» ертеңгіліктері, «Қыс келді» сурет көрмесі, «Аналар мейрамы», «Наурыз –ұлыстың ұлы күні» ертеңгіліктер, «Отан қорғаушылар күні», «Жеңіс күні» тақырыптық ҰОІӘ, «Балаларды қорғау күні» ертеңгілік, «Абайла бағдаршам», «Өз үлескемізді гүлдендірейік» тақырыптарында шаралар жоспарланған және өткізілген.

2014-2015 оқу жылында «Береке татулық- бірлік бастауы» ертеңгілік, «Қызыл, жасыл, сары» ойын -сауық, «Тұңғыш Президент күні» тақырыптық ҰОІӘ, «Шынықсаң, шымыр боларсың» балалар арасында спорттық сайыс, «Қадамыңды жаз балам» ата-аналармен бірлескен ертеңгілік, «Қош келдің Аязата», «Жеңіс келді көктеммен» тақырыптық ертеңгіліктер, «Тоғыз құмалақ» ұлттық ойыны бойынша ата –аналар арасындағы сайыс, «Мемлекеттік рәміздер», «Балаларды қорғау күні» тақырыптарында ҰОІӘ жүргізілген.

2015-2016 «Күз бен көк өністер», «Бала тілі бал» ата заң күніне арналған сайыс, «Қарттарым асыл қазынам» ертеңгілік қарттармен кездесу, «Ұлттық бұйымдар», «Күз сыйы» көрмелері жоспарланған және өткізілген.



3) Әртүрлі салаларда тәрбиеленушілердің өзін-өзі жетілдіруіне жағдайлар жасау.

Оқу-тәрбие жұмысына нығайту мақсатында топтарда барлық салалар бойынша дидактикалық, дамытушы ойындар, театрланған ойындарға




арнаулы саусақ, үстел үсті театр түрлері жинағымен қамтылған, ойын атрибуттары, сюжеттік-рольдік ойындарымен, теледидармен, ҰОІӘ қажетті магниттік такталармен жабдықталған.

Балабақша педагогтары тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын қалыптастыру мақсатында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» **5 білім беру саласы орталықтарымен жұмыстарды атқарады:**

1. «Денсаулық» білім беру саласы қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиетін қалыптастыру үшін денсаулық орталығы ұйымдастырылған: резеңке доптар, пластмасса доптар, кеглилер, доптар салатын себеттер, т.б. спорттық жабдықтармен қамтылған.



2.



«Қатынас» білім беру саласында: сахналық қойылымдарға арналған ойыншықтар, тіл дамытуға арналған дидактикалық ойындар бар, жұмыс дәптері, үлестірмелі материалдар, әріптер кассасы, ойындар жинағы, көрнекі құралдар, ойындар жинағы, дидактикалық ойындар, үлестірмелі материалдар

3. «Таным» білім беру саласында: дамытушы, үстел үсті, құрастыру ойындары, дамытушы үлестірілмелі және көрнекі материалдар бар, толықтыруды қажет етеді.

4. «Шығармашылық» білім беру саласында: баланың шығармашылық даму деңгейін арттыру үшін музыкалық аспаптармен қамтылған.



5.«Әлеуметтік» білім беру саласы: рәміздер, сюжеттік-ролді ойындар («Шаштараз», «Қуыршақты киіндіреміз», «Бағдаршам», табиғат бұрыштарымен (гүлдер) қамтылған. Қоршаған ортамен табиғатты зерттеу мүмкүндігін қарастыру мақсатында барлық топтарда табиғат бұрышымен қамтамасыз етілген онда:



бөлме гүлдері, қарапайым эксперименттік іс әрекетін ұйымдастыруда қолданатын табиғи материалдар жинақталған. Топтардың дамытушы ортаның жабдықталуында түстердің, жарықтың балаларға жағымды әсерімен ерекшеленеді, жас ерекшелігі ескеріліп балалардың деңгейінде жабдықталған.


Дегенмен барлық топтарда дидактикалық және сюжеттік-ролдік ойындар жеткіліксіз, картотекаларын толықтыруды қажет етеді.

Кеңестік пәндік ортаны жабдықтау барлық топта жүргізілген. *Соның ішінде «Күнишақ» ересектер тобында және «Балдырған» ортаңғы тобында қауыпсіздік бұрыштары, жолда жүру ережелері макетімен ерекшеленеді 5 сала жақсы жабдықталған.* Ал II кіші топтары табиғат бұрыштарымен жақсы жабдықталған.



«Гүлдер» II кіші тобы балалардың сенсомоторлық дамуын жетілдіру мақсатында арнайы бұрышы жабдықталған онда үстел үсті ойындары, педагогтардың өз қолымен жасақталған дидактикалық ойындары бар.

Барлық топтар қауіпсіздік бұрыштарымен, «Денсаулық жолы» қолдан жасалған массажды кілемшелермен жабдықталған.



Дегенімен топтарда балалардың әлеуметтік ортада мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті әлеуметтік бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу мақсатында сюжеттік –рольдік ойындарымен толықтыруды қажет етеді. «Балапан» ересектер тобында «Өзін – өзі тану» пәні бойынша бұрышы жоқ, әдістемелік, көрнекі құралдары бар.

4) Тәрбиеленушілердің қалалық және облыстық көрініс-байқауларға қатысуы

«Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиеленушілері облыстық, қалалық, балабақша ішілік байқауларға қатысып, жүлделі орындарына иеленген, марапаттары мен сертификаттары бар .

2013-2014 оқу жылы Қалалық жас натуралистер стансасының ұйымдастыруымен өткен «Менің қиялымдағы гүлдер», «Бала –бейбіт өмір лебі» атты байқауларда тәрбиеленушілері жүлделі орындарға ие болды. тәрбиешілері: Г. Рамазанова А. Джумагалиева Г. Камыспаева Г. Ержан Г.Нурписова

2014-2015 оқу жылында Талгат Жансая, Канатова Наргиза Бекмағанбетов Дастан, Қмірзақ Инкәр, Серік Сағат, Құнратбаева Назерке, Еркін Ибраһим Елубай Мұхтарға «Білімқұмар балаларға арналған» Республикалық «Үркер» IQ марафонының қатысушы екенін нақтылайтын сертификат берілген. Ортаңғы топ тәрбиеленушісі Хайролла Аида Мейрамбекқызы музыка мұғалімі жетекшілігімен Республикалық «Күншуақ» фестиваль-конкурсында «Вокал» номинациясы бойынша гран-при иегері атанды және Алғыс хат «Кішкентай ханзада мен Ханшайым» ММ «Геологтар үйі» Тәрбиеленушілер Махамбет Ә. Тыныштық Г. ҚҒӘО ұйымдастыруымен өткен «Дарынды бала» байқауында тәрбиеленушісі Тыныштық Г. Грамотамен марапатталды.

2015-2016 оқу жылында Бердібекова Айша, Байменова Салтанат, Бибитов Дәурен, Кеңес Ақбаян, Сағизбаева Темирлан, Әбіогами Шахнұр, Нұрлан Ұланға, «Білімқұмар балаларға арналған» оқу жылында Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонының қатысушы екенін нақтылайтын сертификат берілген.

2015-2016 оқу жылында **Ерниязова Жансая** «Білімқұмар балаларға арналған» Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонының **III дәріжелі Диплом иегері**

«Балапан» ересектер тобының тәрбиеленушісі Н. Садық «Менің елім - Қазақстан» Республикалық асфальтта сурет салу байқауында Грамота иегері.

Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жүргізіледі, бақша ішілік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық марапаттаулары бар.

| р/с | Педагогтардың аты –жөні | Оқу жылдары | Марапаттаулар |
|-----|-------------------------------|-------------------------------|--|
| 1 | №35 «Балбұлақ» МДҰ | 2014-2015 | «Ең үздік үлеске-2014» байқауына қатысып, қалалық үздік 10 портфолионың бірі болдық. |
| 2 | №35 «Балбұлақ» МДҰ | 2014-2015 | «Алақай» куыршақ театрының ХХІХ маусымының «Ең театршыл көрермен» атағына ие болған |
| 3 | С. Калиевтің | 2014-2015 <i>Қазан</i> | Ортаңғы топ тәрбиеленушісі Хайролла Аида Мейрамбекқызы музыка мұғалімі жетекшілігімен Республикалық «Күнщуак» фестиваль-конкурсында «Вокал» номинациясы бойынша гран-при иегері атанған |
| 4 | Г. Нурписова | 2014-2015 <i>Қараша</i> | Қалалық «Жыл тәрбиеші -2014» байқауында «Педагогикалық үміт сәулесі» номинация иегері атанды |
| 5 | Г. Нурписова Г. Рамазанова | 2014-2015 <i>Қараша</i> | Тәрбиеленушілері «Мир логики» халықаралық байқауында I, II орын иеленді. |
| 6 | З. Токпанова | 2014-2015 <i>Желтоқсан</i> | «Ең үздік зияткер педагог-2014» халықаралық конкурсында I дәрежелі дипломмен марапатталды |
| 7 | №35 «Балбұлақ» МДҰ | 2014-2015 <i>Қаңтар</i> | Халықаралық экология және инженерия ғылым академиясының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Образ-цовый детский сад» байқауында жүлделі III орын иелендік. |
| 8 | З. Ешмағамбетова | 2015-2016 <i>қазан</i> | Алғыс хат «Кішкентай ханзада мен Ханшайым» ММ «Геологтар үйі» Тәрбиеленушілер Ә.Махамбет; Г.Тыныштық; Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Ауылымның аяулы асылдары» байқауында тәрбиеші Новый ауылдық округының атынан қатысып, II орын иеленді. |

5) Спорттық-сауықтыру және шығармашылық іс-шараларды жоспарлау және өткізу.

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау іс-шаралары балалардың өмірін және денсаулығын сақтау жұмыстарын жақсарту, дене дамуын жетілдіру, медициналық-педагогикалық бақылауды қадағалау мақсатында жоспарланған.

Аттестатау барысында 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарында өткізілген іс-шаралар сценарилері ұсынылды.

2012-2013 оқу жылдары «Ертегілер еліне саяхат» ертегі қойылымы, «Толағай» отбасылық спорттық сайысы, «Өнерлі отбасылар» музыкалық ойын –сауығы, «Шебер отбасылар» қол өнер сайысы, Наурыз апталығы, сурет көрмелері, қалалық «Бала тілі -бал» қалалық байқауына қатысқан. Облыстық «Гүлдене бер, тұған жер» акциясы аясында ата-аналар мен педагогтар сенбілікке қатысқан,

2013-2014 оқу жылдары «Шынықсаң, шымыр боласың!» спорттық ойын-сайысы,сауықтыру шынықтыру шаралары өткізілген.

2014-2015 оқу жылдары «Салауатпен достасамыз!», «Дені саудың жаны сау», «Көңілді эстафета» спорттық сайысы, «Шынықсаң-шымыр боласың» спорттық ойын-сауықтары.Әр топ жылсайын әр айда сауықтыру шынықтыру шараларын жүргізеді: «Ертегіде қонақта» «Наурыз атты» спорттық іс-шара»Спорт денсаулық кепілі», «Дені саудың жаны сау», «Бауырсақ» атты спорттық мереке түрінде жоспарланып өткізілген.

Өткізілген шаралар жинақталып, материалдары арнаулы папкаларда сақталған. Балабақша дәрігерлерінің тарапынан балалар денсаулығының нығайту мақсатында сауықтыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларына байланысты ата-аналарға, тәрбиешілерге кеңестер береді және тәрбиеленушілерге жыл мезгіліне байланысты дәрумендер береді. Тәрбиеленушілердің ата-аналар бұрышына антропометрия көрсеткіштері туралы ақпараттандырылады, және аурулардың алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Дәрігер осы процедураларының балалардың жас ерекшеліктеріне сай өткізілуін үнемі қадағалап, дәптерге тіркеп отырған.

6.Білім беру ұйымында кенестік - пәндік ортаны дайындау/ мемлекеттік белгілер, тематикалық стендтер.

«Балбұлақ» МДҰ-дағы пәндік-кеңістік ортаны жабдықтау мақсатындағы дәліздегі стенділер: «Кәсіподақ ұйымы», «Менің Астанам» «Байтерек», «Менің Ақтөбем», «Біздің жеңімпаздар ракетасы» «Менің балабақшам», «Біз жеткен жетістіктер», «Қазақстан рәміздері», «Бала құқығы», «Жол белгілері», «Елбасы жолдауы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Халыққа қызмет көрсету», «Балабақша бұрышы», «Жұлдызқұрт», «Поезд» және«Аңдар мен жануарлар» геометриялық пішіндерден құралған қауіпсіздік шаралар туралы ақпараттар берілген.

«Психолог бұрышы», «Спорт бұрышы», «Ас мәзірі», «Ата-аналардың назарына», «Біз кезекшіміз», «Біздің жетістіктеріміз», «Дене тәрбиесі», «Табиғат бұрышы», «Туған күніңмен», «Шебер қолдар» танымдылық тәрбие мақсатында және эстетикалық талаптарына сай қарастырылған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы дәлізде қабырға стенді ілінген, рұқсат сертификаты бар.

Қорытынды:

1) Тәрбиеленушілерге, ата-аналарға және тәрбиешілерге құқықтық тәрбие беру, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету талапқа сай жүргізілуде.

2) Педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстардың нәтижелілігі, мазмұны және формалары толық қарастырылған, жұмыстар жүргізіліп, материалдар жинақталған. Тәрбиелік жұмыстар ойын-сауықтар, көрмелер, байқаулар, мерекелік, спорттық шаралар негізінде жүзеге асырылып келеді.

3) Білім беру саласының пәндік-дамытушы орталары балалардың жас ерекшелігіне сай, қол жетімді, ынғайлы жерлерде орналасқан, эстетикалық талабына сай.

Дегенімен топтарда балалардың әлеуметтік ортада мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті әлеуметтік бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу мақсатында сюжеттік –рольдік ойындарымен толықтыруды қажет етеді. «Балапан» ересектер тобында «Өзін – өзі тану» пәні бойынша бұрышын жасауды қажет етеді.

4) 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарында «Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиеленушілері облыстық, қалалық, балабақшаішілік байқауларға қатысып, жүлделі орындарын иеленген.

5) Спорттық-сауықтыру және шығармашылық іс-шаралары 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарында жоспарлы өткізілген. Жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар сценарилері жинақталған.

Мектепке дейінгі ұйымы медициналық, әлеуметтік жағдайы балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, интеллектуалдық дамуына, эмоционалдық жағдайын қамтамасыз етеді.

Ерекше айқындайтын жағдай: мектепке дейінгі ұйымда балалардың сауықтыру және денсаулығын нығайту бағытында дәрумендітерапия, «Денсаулық жолдары» қолдан жасалған массажды клемшелер, қауіпсіздік іс шаралар және безендірілуімен ерекшеленген.

6) Білім беру ұйымында кеңестік-пәндік орта мемлекеттік белгілер, тематикалық стендтер жан-жақты, тәрбиелік мәні бар, мазмұны ақымды ақпараттармен безендірілген.

Ұсыныстар:

1. «Балбұлақ» МДҰ-ның әкімшілігі мен педагогтар тарапынан топтарда бес білім беру саласында кешенді білім алу мүмкіндігін жетілдіру мақсатында, пәндік-дамытушы ортаны дидактикалық, дамытушылық, сюжеттік –рольдік ойындармен толықтыруды қажет етеді

2. «Балапан» ересектер тобында «Өзін – өзі тану» пәні бойынша бұрыш жасауды қажет етеді.

5.6. Оқу-материалдық активтер

1) Білім беру қызметінің ұйымы үшін аумақты қолдану құқығына құжаттардың болуы және ғимарат туралы мәліметтердің бар болуы.

Балабақша ғимараты 2 қабатты типтік жобада 2012 жылы салынған. Кәсіпорын Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 22 қазандағы №3265 қаулысына және Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 5 қарашадағы № 3403 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес жұмыс істейді. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақтөбе қаласының әкімдігі болып табылады.

Сыйымдылығы – 150 орын.

Балабақшаның заңды мекен-жайы: индекс 030017, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Жаңақоныс ауылы, кв «Б» 67 А, телефон 8(7132)53-39-20, 53-39-18, электрондық адресі: balbulak35@mail.ru.

ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті Ақтөбе облысы Әділет департаменті Ақтөбе қаласының Әділет басқармасы заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтаманы 2012 жылдың 22 қарашасында берді. Тіркеу нөмері № 1852-1904-01-МК

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін Акт № 0234793. Актінің берулі негізі: Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 19 тамыздағы №2306 қаулысы. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 02:036:209:1552 Жалпы ауданы – 0,6156 га.

Балабақшаның арнайы техникалық төлқұжаты жасалған, ҚР Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті «Ақтөбе облысы бойынша Жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚК 26.12.2013 жылғы тіркеу ісі бойынша аталған ғимараттың иесі – балабақша қоры (балабақша, тұрғын емес) кадастрлық нөмірі -02:036:209:1552:1

Балабақшаның Жарғысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2015 жылдың 9 ақпандағы № 535 қаулысымен бекітілген.

Ғимараттың ішкі және сыртқы қабырғаларының құралдары – т/б силикатты кірпішті, салқын су, ыстық су жүйелері орталықтандырылған Жылу жүйесі автономдық, канализация.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілдегі 6 топта – 220 бала тәрбиеленуде.

2) Мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар талаптарына өрт қауіпсіздік талаптарына, санитарлық нормативтер негізінде қызмет атқаратын, оперативті басқару немесе шаруашылық жүргізу, меншік құқығындағы пайдалы оқу аумағының сәйкестік дәрежесі.

Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар басқармасының 10.02.2015ж. хаты негізінде балабақшада өрт қауіпсіздік талаптары мен нормалары сәйкес келетіндігі жөнінде рұқсат берілген.

Балабақшада өрт қауіпсіздігі бұрышы жабдықталған, онда өрт сөндіруге қажетті құрал-жабдықтар қойылған.

Өрт қауіпсіздігін сақтауға арналған жабдықтар

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|-------|------------------|------------------------|---|
|-------|------------------|------------------------|---|

| | | | |
|---|----|----|-------|
| Өрт қауіпсіздігін сақтауға арналған жабдықтар | 38 | 24 | 63.2% |
|---|----|----|-------|

Мектепке дейінгі ұйымда өртке қарсы дабыл қондырғыларына қызмет көрсету үшін 2013 жылы – 75.600 теңге ТОО «БатысСпецАвтоматика», 2014 жылы – 123.200 теңге ТОО «БатысСпецАвтоматика», 2015 жылы 147.840 теңге ТОО «БатысСпецАвтоматика» келісім шарт негізінде жұмыстануда. Тексеруді тіркеу журналы жүргізіледі.

- ҚР ДСМ МСЭҚК Ақтөбе қаласы бойынша МСЭҚБ ММ 04.03.2013 жылғы санитарлық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау № 315 актісі негізінде балабақшада санитарлық бұзушылықтар анықталып 8.655 теңге айыппұл салынды.

- ҚР ДСМ МСЭҚК Ақтөбе қаласы бойынша МСЭҚБ ММ 29.07.2013 жылғы санитарлық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау № 963 актісі негізінде балабақшада санитарлық бұзушылықтар анықталып 12.117 теңге айыппұл салынды.

- ҚР ДСМ МСЭҚК Ақтөбе қаласы бойынша МСЭҚБ ММ 22.10.2013 жылғы санитарлық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау № 1378 актісі негізінде балабақшада санитарлық бұзушылықтар анықталып 17.310 теңге айыппұл салынды.

- ҚР ДСМ МСЭҚК Ақтөбе қаласы бойынша МСЭҚБ ММ 20.08.2014 жылғы санитарлық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау №789 актісі негізінде балабақшада санитарлық бұзушылықтар анықталып 9.260 теңге айыппұл салынды.

Соңғы үш жыл ішінде бюджетпен мынадай соммада қаржы бөлінген:

Ойыншықтармен жабдықтау – 1053,9 теңге (2013ж); 781,7 теңге (2014ж);

Жұмсақ инвентарлармен жабдықтау – 1387,3 теңге (2012 ж); 3850,1 теңге (2013 ж); 182,0 теңге (2014ж)

Жиһаз – 3.415,0 теңге (2013ж);

Канцеляриялық тауарлар – 343,9 (2013 ж); 87,5 теңге (2014 ж)

Жуатын құралдар, Шаруашылық тауарлар – 157,1 теңге (2012 ж); 172,9 теңге (2013 ж); 391,0 теңге (2014 ж)

Дәру-дәрмектер – 32,0 теңге (2013 ж); 28,0 теңге (2014 ж)

Компьютер – 212,7 теңге (2013 ж); 200,1 теңге (2014 ж)

Медициналық жабдықтау – 172,9 теңге (2013ж)

Ыдыс-аяқтармен жабдықтау – 796,0 теңге (2013 ж); 165,4 теңге (2014ж)

Оқу құралдар – 190,2 теңге (2013 ж), 247,2 (2014ж)

Техникалық жабдықтау – 1903,4 теңге (2013 ж); 688,4 теңге (2014ж)

Меңгерушілердің мемлекеттік сатып-алу жөніндегі оқыту семинары – 50,0 теңге (2014 ж).

Бухгалтерлердің оқыту семинары ЕССО – 45,0 теңге (2014 ж)

Есепшінің мемлекеттік сатып-алу жөніндегі оқыту семинары – 35,0 теңге; бухгалтерлік баланс – 35,0 теңге (2015 ж).

Қызмет көрсету және алынған техникалық, кеңсе, шаруашылық тауарларды тіркеу журналы жүргізіліп тұрады.

Балабақша аумағы қоршалған, гүл отырғызатын алаң бар.

Ойын алаңдарының жабдықтары

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|-----------------------------|------------------|------------------------|-----|
| Ойын алаңдарының жабдықтары | 15 | 14 | 93% |

Балабақша сыртында әр топтың өзіне бекітілген ойын алаңдары бар. Ойын алаңдарында: 6 әткеншек, 10 спорттық жабдықтар, кіші және орта топтағы балалар жасына сай –6 құм салғыш және 6 демалыс алаңы бар.

Балалардың өмірінің денсаулығын сақтау нұсқаулықтарына демалыс және ойын аумағы сәйкес келеді.

| № | Топтар\ бөлмелер | қабылдау бөлмесі (ш.м) | ойын бөлмесі (ш.м) | ұйқы бөлмесі (ш.м) | жуына тын бөлмесі (ш.м) | әжет-хана | ыдыс-жуу бөлмесі (ш.м) |
|---|---------------------|------------------------|--------------------|--------------------|-------------------------|-----------|------------------------|
| 1 | Іккіші (Гүлдер) | 17,2 | 46,7 | 39,4 | - | 15,4 | 3,3 |
| 2 | Іккіші (Айгөлек) | 18,1 | 50,5 | 51,9 | - | 16,0 | 2,9 |
| 3 | Ортаңғы (Алма) | 19,5 | 52,0 | 48,3 | - | 16,3 | 3,9 |
| 4 | Ортаңғы (Балдырған) | 18,4 | 49,1 | 52,4 | - | 15,9 | 2,9 |
| 5 | Ересек (Күншуақ) | 19,6 | 49,5 | 55,3 | - | 17,5 | 3,3 |
| 6 | Ересек (Балапан) | 17,9 | 55,0 | 40,7 | - | 15,6 | 3,4 |

Қазіргі таңда балабақшада 6 топ. Атап айтсақ: ІІ кіші топтар - «Айгөлек», «Гүлдер», «Алма», ортаңғы топтар «Балдырған», ересек топтар - «Күншуақ», «Балдырған».

| 2012-2013 ж. | 2013-2014 ж. | 2014-2015 ж. | 2015-2016ж. |
|--|---|--|--|
| 6 топ: ІІ кіші – 46,7 ш.м; 50,5ш.м Ортаңғы – 52,0ш.м;49,1ш.м Ересек – 49,5ш.м;55,0ш.м Барлық бала саны – 220 | 6 топ: ІІ кіші –49,5 ш.м; 55,0 ш.м Ортаңғы -52,0 ш.м; 49,1 ш.м Ересек – 46,7 ш.м;50,5ш.м Барлық бала саны – 220 | 6 топ: ІІ кіші – 46,7 ш.м; 50,5 ш.м Ортаңғы -52,0 ш.м; 49,1 ш.м Ересек – 49,5ш.м; 55,0ш.м Барлық бала саны – 220 | 6 топ: ІІ кіші – 46,7 ш.м; 50,5 ш.м Ортаңғы -52,0 ш.м; 49,1 ш.м Ересек – 49,5 ш.м; 55,0 ш.м Барлық бала саны – 220 |
| Жалпы аумағы бір балаға шыққанда – 1,4ш.м келеді. | Жалпы аумағы бір балаға шыққанда – 1,4ш.м келеді. | Жалпы аумағы Бірбалаға шыққанда – 1,4ш.м келеді. | Жалпы аумағы Бірбалаға шыққанда – 1,4 ш.м келеді. |

| Ойыншықтардың атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|--|------------------|------------------------|-----|
| Дидактикалық ойыншықтар | 816 | 285 | 34% |
| Дамытушы ойындар және ойыншықтар | 1270 | 315 | 24% |
| Сюжетті-рольді ойындар | 788 | 251 | 31% |
| Музыкалық ойыншықтар | 103 | 35 | 33% |
| Спорттық ойыншықтар | 339 | 106 | 31% |
| Театрландырылған ойындарға арналған ойыншықтар | 132 | 85 | 64% |
| Шығармашылықты дамытушы жинақтар | - | - | - |

Мектепке дейінгі ұйымның жалпы аумағы 3 жыл бойы бала санына сай келмейді. 6 топтарда бір балаға есептелінген орын аумағы және балалар саны Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Санитариялық қағидалардың» 2 қосымшасына **сай емес, нормадан жоғары.**

6 топтың әрқайсысында жатын бөлмелері бар. «Гүлдер» II кіші тобы – 39,4 ш.м., «Айгөлек» II кіші тобы – 51,9 ш.м., «Алма» ортаңғы тобы – 48,3 ш.м., «Балдырған» ортаңғы тобы – 52,4 ш.м. «Күншуақ» ересек тобы – 55,3 ш.м., «Балапан» ересек тобы – 40,7 ш.м. Топтар ойын, оқу аймақтарына бөлінген. Балалардың еркін іс-әрекетіне орын жеткіліксіз. 1 балаға 1,4 шаршы метрден келеді.

Балалардың өмірінің денсаулығын сақтау нұсқаулықтарына оқу аумағы сәйкес келмейді.

Балабақшада 1 этаж - медициналық бөлме (10,2 ш.м), шаруашылық меңгеруші (7,9 ш.м.), ас бөлмесі (48,8 ш.м), кір жуатын бөлме (12,9 ш.м.), кір өткететейтін бөлме (9,3 ш.м) бар.

2 этажда: Меңгеруші кабинеті - 10,0 ш.м., психолог бөлмесі (14,4 ш.м), Әдіскер (15,2 ш.м.); есепші бөлмесі – 7,7 ш.м., музыкалық және спорттық зал біріктірілген – 87,3 ш.м., қойма—7,8 ш.м. бар.

Балабақшада барлығы – 6 топ бар, 1 қабатта 3 топ, 2 қабатта 3 топ орналасқан. Топтардың жабдықталуы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес орналастырылғын. Қабылдау бөлмелерде шешінетін шкафтар жеткілікті. Топтарда ыдыс-жуатын бөлмелері бар.

Ересек топтарда 2 қабатты кереуеттер қойылған.

| № | Топтар | Бала саны | Кереуеттер саны | Жайма төсек/раскладушка/ |
|---|-------------------------|-----------|-----------------|--------------------------|
| 1 | «Гүлдер» II кіші топ | 37 | 37 | - |
| 2 | «Айгөлек» II кіші топ | 37 | 37 | - |
| 3 | «Алма» ортаңғы топ | 40 | 40 | - |
| 4 | «Балдырған» ортаңғы топ | 40 | 40 | - |
| 5 | «Күншуақ» ересек топ | 33 | 33 | - |
| 6 | «Балапан» ересек топ | 33 | 33 | - |

Шкафтар, отырғыштар әр түрлі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сай келеді. Барлық топтарда балалардың шешінетін шкафтары бар. Қабылдау бөлмелерінде ата-аналарға арналған стендтер бар. Сүлгі ілетін ілгіштері топтарда бар.

Балабақшада 6 дана теледидар, 1 дана музыкалық орталық, 3 дана DVD бар.

Балабақшада арнайы дене шынықтыру залы жоқ. Дене шынықтыру залы музыкалық залымен біріктірілген. Таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтырудан ҰОІӘ музыкалық залында өткізіледі.

Онда төмендегідей құрал-жабдықтармен жабдықталған:

Үлкен матрас – 1 дана; белге айналдырғыш (обруч) – 30 дана, скакалка – 50 дана, үлкен доптар – 25 дана, табанға арналған массаж құрылғысы – 2 дана, кішкентай шар доптар – 25 дана, тартылатын арқан – 1 дана, швед тақтасы – 1 дана, кегли – 20 дана, кольцоброс – 6 дана, арқан – 1 дана, т.б.

Спорт залға арналған жабдықтар

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|--------------------------------|------------------|------------------------|-----|
| Спорт залға арналған жабдықтар | 637 | 287 | 45% |

Дене шынықтыру ҰОІӘ-не қажетті спорттық құралдармен бағдарламаға сәйкес келеді.

Балабақшада физиотерапиялық, массаж бөлмелері қарастырылмаған. «Кедергілер жолағы» спорттық құрал-жабдықтар жиынтығы, туннелдер, лабиринттер, үйшіктер, жұмсақ модульдер жоқ.

Балабақшадағы ойыншықтардың арнайы сертификаттары бар.

Балабақшадағы медицина жұмысы туралы

Балабақшада медициналық бөлме, оның ішінде емшара бөлмесі бар, сондай-ақ Ақтөбе облысының денсаулық сақтау департаментіне ұсыныс берілді, медициналық кабинетке мемлекеттік лицензия дайындалу үстінде.

Медициналық блок 1 қабатта орналасқан, онда 1 медициналық қызметкер жұмыс жасайды.

Медициналық блокта: 1 медициналық шкаф, 2 орындық, 1 үстел, 1 кушетка, 1 ростомер, 1 таразыбар. Балалардың денсаулығын қалыптастыру және нығайту шараларын жүргізуге жағдайлар қарастырылды. Дәрі-дәрмектер мен медициналық құралдарды сақталу ережелері қарастырылған. «Денсаулық бұрышы» стенді талапқа сай жабдықталған. Медициналық кабинетінің лицензиясы жоқ. **Медициналық лицензияны дайындау қолға алынды.**

Балабақша медбикесі – А.Кушпанова. «Емдеу ісі» мамандығын аяқтаған. Білімі – арнаулы орта. 28.05.12.2015 ж. «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Педиатрияның таңдаулы сұрақтары» тақырыбында біліктілік арттыру курсынан өткен. 23.07.2014 жылы «Емдеу ісі» мамандығы бойынша

№KZ95VBM00119966 сертификат және 04.02.2015 жылы «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша № KZ36VBM00201732 сертификат алған. А.Кушпанова осы мектепке дейінгі ұйымда 1 жыл 8 ай жұмыс істейді, алғашқы көмек жұмыстары көрсетіледі.

ҚР Үкіметінің 17.03.2015ж. № 217 қаулысымен бекітілген СанЕмН-нің талаптары бойынша медбикенің қажетті іс-құжаттары жүргізілген.

Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмектер жинағы арнайы медициналық шкафта сақталынған.



Балабақшасына балалардың күнделікті келуін есепке алу журналы күн сайын жүргізіліп отырған. Себеппен қатынаспай отырған балалардың анықтамасы Соматикалық сырқаттанушының журналына тіркеліп тобы бойынша денсаулық картасына тігіліп қорапшада жинақталған.

Медициналық құралдар СанЕжН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті дәрі – дәрмектермен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|---|------------------|------------------------|-----|
| Медбике бөлмесі | 43 | 34 | 79% |
| Емшара бөлмесі | 18 | 12 | 66% |
| Дезинфекциялық құралдарды дайындауға арналған бөлме | - | - | - |

Балабақшаның медицина жұмысы қанағаттанарлық деңгейде.

Шаруашылық меңгерушісі –Алдабергенова А.Е., білімі арнаулы орта, маманы «Банк ісі», жалпы еңбек өтілі 6 ж., осы мекемеде – 3 жыл.

Шаруашылық меңгерушісінің инвентарлық кітаптар толық жазылып, жүргізілген.

Психолог кабинеті

Психолог кабинеті 2 қабатта орналасқан, көлемі – 14,4 ш.м, онда құжаттар жинауға арналған 1 шкаф, 1 компьютерлік үстел, 1 компьютер, 1 ойын үстелі, 1 орындық, ойыншықтармен жабдықталған, психологиялық сауықтыру бұрышы мен жылжымалы папкалар бар.

Музыка залы және топтардағы жабдықтар

Музыка залы және дене шынықтыру залы біріктірілген 2 қабатта орналасқан, көлемі – 87,3 ш.м, онда – балаларға арналған 50 орындық, үлкендерге арналған 24 орындық, 1 музыкалық аппаратурасы, 2 микрофон, 3 әдістемелік құралдарға арналған шкафтар, музыкалық аспаптар (домбыра – 10, аккордеон – 1, балалар баяны – 1, асатаяқ – 2, сылдырмақтар, барабандар, бубны – 25, металлофон – 2, т.б.) бар. Сонымен қатар 2 қабатта сахналық костюмдер топтамасын сақтайтын қойма орналасқан. Көлемі – 8,9 ш.м., онда ұлттық киімнен бастап өзге ұлт өкілдерінің, жаңа жылдық костюмдер т.б. сақталған.



| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|--------------------------|------------------|------------------------|--------|
| Залға арналған жабдықтар | 68 | 45 | 66% |
| Техникалық құралдар | 3 | 3 | 100% |
| Музыкалық аспаптар | 58 | 36 | 62,0 % |
| Оқыту-көрнекі құралдар | 362 | 183 | 50,5% |

Педагогикалық процесті жабдықтау құралдары

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|---|------------------|------------------------|-----|
| Бейнелеу іс-әрекетіне арналған құралдар | 2742 | 1049 | 38% |
| Айналамен таныстыру, экология, тіл дамытуға арналған құралдар | 742 | 122 | 16% |
| Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыруға арналған құралдар | 682 | 217 | 31% |

Ұлттық киімдер топтамасы

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|------------------|------------------|------------------------|------|
| Ұлттық костюмдер | 22 | 50 | 100% |

Меңгерушінің кабинеті

Меңгерушінің кабинет, жалпы ауданы – 10,0 ш.м. Меңгерушінің кабинеті 2 қабатта орналасқан. Онда 1 үстел, 2 орындық, құжаттарға арналған 1 шкаф, киім ілетін 1 шкаф, 1 телефон, 1 сейф, 1 компьютер, 1 принтер, мемлекеттік ту, елтаңба бар.

Әдістемелік кабинет

Әдістемелік кабинеті 2 қабатта орналасқан, жалпы ауданы –15,2 ш.м. онда 1 әдіскер жұмыс жасайды. Кабинетте 1 компьютерлік үстел, 1 компьютер, 1 принтер, 2 жұмыс үстел, 3 құжаттарға арналған шкаф, 4 орындық, 1 киім ілуге арналған шкаф, 1 қағазға арналған ламинат, 1 әдістемелі бұрышжәне кітапхана қоры қарастырылған: 351 әдеби және әдістемелік кітаптар, 105 журнал және газеттер бар.

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|------------------------|------------------|------------------------|------|
| Оқыту-көрнекі құралдар | 58 | 360 | 100% |

Мектепке дейінгі мекемеге арналған жұмсақ инвентарь

| Атауы | Балабақшадағы мүліктер |
|---|------------------------|
| Мектепке дейінгі мекемеге арналған жұмсақ инвентарь | 5419 |

Топтарға арналған жабдықтар

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|--|------------------|------------------------|------|
| Ойын бөлмесіне арналған балалар жиһазы | 286 | 550 | 100% |

Асхана жұмысы бойынша

Асхана бөлмесі 1қабатта орналасқан 48,8 ш.м. Тазалық жағдайы қанағаттанарлық. 2 электроплитамен жабдықталған, 1 электросковорода, 2 электроеттартқыш, 2 электротаразы, 5 тоңазытқыш, 1 мұздатқыш, термометрмен жабдықталған, мұздатқыш температурасы сақталынып, тексерілген. 5 үлестірмелі үстел бар, дайын және шикі күйіндегі азық-түліктерге арналған, 1 нан сақтауға арналған шкаф, 3 ыдыс-аяқ кептіретін 3 секциялық стеллаж, 1 секциялық жеміс, көк-өністер жуатын және 1 ыдыс-аяқ жуатын, жұмыртқа жуатын 1 раковиналар, ас үй жабдықтары бар, нөмірленген, санитарлық сұраныстарға сай.



Ас үйде 2 аспазшы, 1 көмекші және ыдыс жуушысының жұмысын атқарады. Олар:

Каратаева К -«Аспазшы-кондитер -калькулятор» мамандығы бойынша 23.10.2013.жылы куәлік № 09 ; 4санатты.

Каракозина К. -«Аспазшы» мамандығы бойынша 27.03.2015 жылы куәлік № 4487;4 санатты.

Медициналық тексерістен өткен, жұмыс істеуге рұқсаты бар. Аспазшылардың ауыстыратын 3 арнайы киімдері бар. Шикізаттар мен азық-түліктердің қауіпсіздігі туралы құжаттары бар. Ас үй ыдыс-аяқтары бала санына сай жабдықталған. Атап өтер болсақ, тамақ дайындауға арналған үлкен кастрюльдер, ет тартқыш. Ыдыстарды жуу арнайы бұрыш бар. Ыдыс-аяқтарды жууға арналған құрылғы бар. Салқын және ыссы су келіп тұр. Дезқұралдарды пайдалану нұсқаулықтары ілінген. Азық – түлік сақтауға арналған 2 қойма бар көлемі – 4,0 ш.м. және 3,8 ш.м., бірі азық-түлік сақтауға, екіншісі көк-өністер сақтауға арналған. Сонда 3 тоңазытқыш, 1 мұздатқыш, 1 электрондық таразы, 2 стеллаж бар.

Сонымен қатар ұсыныс пен шағымдар, ас блогының санитарлық жағдайын бақылау, ас блогының қызметін тексеріп қарау, санитарлық сырқаттанушылық журналы бар.

Ас дайындау блогіна арналған жабдықтар

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|--|------------------|------------------------|-----|
| Ас дайындау блогына арналған жабдықтар | 88 | 80 | 90% |

Кір жуатын бөлмесі 1 қабатта орналасқан, жалпы ауданы – 9,3 ш.м.; кір үтіктейтін бөлменің жалпы ауданы – 12,9.

Онда кір жуу операторлар саны – 1 адам. Бөлмеде – 2 кір жуатын автомат машина, 1 ванна, 2 стеллаж таза кірді сақтауға және 2 утюг, 1 үтіктейтін үстел, 1 орындық, 3 бак пайдаланған кірге бар. Кір жуатын бөлме мен кір үтіктейтін бөлме, төсек жабдықтарын сақтау бөлек бөлмелерде.

Кір жуу бөлмесіне арналған жабдықтар.

| Атауы | Стандарт бойынша | Балабақшадағы мүліктер | % |
|--------------------------------------|------------------|------------------------|----|
| Кір жуу бөлмесіне арналған жабдықтар | 58 | 35 | 60 |

Кемшіліктер мен ескертулер:

❖ Мектепке дейінгі ұйымның 6 топта бір балаға есептелінген ойын бөлмесінің орын аумағы Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2015 жылғы 17 наурыздағы №217 қаулысымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Санитариялық қағидаларына» 2 қосымшасына сай келмейді (1 балаға 1,4 шаршы метрден келеді, негізі 2 ш.м болу керек).

❖ Балабақшаның материалдық-техникалық базасы орташа деңгейде, себебі «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығына толық сай емес;

Ұсыныстар:

✓ Мектепке дейінгі ұйымның бір балаға есептелінген ойын бөлмесінің орын аумағы сәйкес болу үшін топтағы балалар саны Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Санитариялық қағидалары» басшылыққа алынсын;

✓ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығына сай жиһаздармен толықтыру, жаңарту жолдары қарастырылсын;

✓ Дидактикалық ойындармен, балаларға арналған ойыншықтармен толықтыру қажет.

5.7. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

1) Веб-сайт және білім беру порталының бар болуы:

Веб-сайт және білім беру порталы жоқ.

2) Компьютерлік техниканы қолданудың саны, сапасы және тиімділігі.

Мектепке дейінгі ұйымда:

- компьютер – 5 дана
- модем D-LinkDSL-2540 – 1 дана
- принтер-керокс ч/б – 3 дана
- принтер түрлі-түсті – 1 дана
- музыкалық орталығы – 1 дана
- телефон – 2 дана

- қағаз тігу машинасы – 1 дана
 - ламинатор – 1 дана
 - интерактивті тақта – 1 дана
 - проектор – 1 дана
 - проектор тақтасы – 1 дана
 - ноутбук – 1 дана
 - компьютерге арналған колонкалар– 1 дана
 - проекторға арналған колонкалар– 1 дана
 - музыкалық аппаратура – 1 дана
- Барлығы да жұмыс жасайды.

МКҚК № 35 «Балбұлақ» МДҰ-да ақпараттық технологиялармен жұмыс жүргізу барысы жолға қойылған. **Жаңа заман талабына сай ғаламторды пайдалана отырып ақпарат алу үшін меңгеруші, әдіскер, бухгалтер бөлмелерінде 3 компьютер интернет жүйесіне қосылған. Музыка залы интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген.**

3) Кітапхана қорларын ақпараттар мәліметтер базасының болуы, компьютерлік базаны және бағдарламалық қамтамасыз етуді жанарту бойынша жыл сайын бағытталатын қаражаттар көлемі.

МДҰ педагогтары өз қаражаттарына жыл сайын басылымдарға жазылып отырған:

2012 жылы-«Егемен Қазақстан», «Ақтөбе», «Актюбинский вестник», «Казахстанская правда», «Өзін – өзі тану», «Ұстаз», «Самопознание KZ» газет, журналдары.

2013 жылы- «Өзін – өзі тану», «Мектепке дейінгі ұйым басшысының анықтамасы», «Егемен Қазақстан», «Ақтөбе», «Актюбинский вестник», «Казахстанская правда» газеттері, «Отбасы және балабақша», «Мектепке дейінгі тәрбие»; «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы», «Бала және балабақша».

2014 жылы- «Егемен Қазақстан», «Ақтөбе», «Актюбинский вестник», «Казахстанская правда», «Отбасы және балабақша», «Мектепке дейінгі тәрбие»; «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы», «Бала және балабақша», «Жантану», «Балабақша меңгерушісі және әдіскері» басылымдарына жазылған. Барлық басылымдар МДҰ-ның әдістемелік кабинетінде жинақталған, тігілген барлық қызметкерлердің пайдалануына мүмкіндік бар.

5) Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық және дамуы үшін әдістемелік және балалар әдебиеттерінің, ойын материалдарымен жабдықтарының болуы.

Балалардың дамуы үшін әдістемеліктер, балалар әдебиеттерінің және ойыншықтардың саны ата-аналардың демеушілік көмегімен жинақталуда.

Мектепке дейінгі ұйымға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен нормативті тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық

және дамуы үшін әдістемелік және балалар әдебиеттерінің, ойын материалдары мен жабдықтары жылдан жылға толықтырылып отырған.

440 әдістемелік көмекші құрал, 262 көркем әдебиеттер, барлығы 702 дана кітап қоры бар. Соңғы 3 жылда толықтырылған кітап қоры:

| Оқу жылдар | Әдістемелік әдебиеттер саны | Балалар көркем әдебиеттер саны |
|------------|-----------------------------|--------------------------------|
| 2012-2013 | 93 | 67 |
| 2013-2014 | 200 | 96 |
| 2014-2015 | 200 | 103 |
| 2015-2016 | 200 | 115 |

Баланың танымдық сойлеу, шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық үлестірмелі танымдық ойын жинақтарымен қамту.

б) Видеотеканың, фонотеканың, медиатеканың болуын оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорларымен қамтамасыз етілуі.

Видеотека, фонотека, медиатека құрылымы мектепке дейінгі ұйымда толық емес. Аудиотека, видеотека бойынша қазақ және орыс тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар, сергіту сәті дискілердің 25 данасы жинақталған, толықтыруды қажет етеді.

Кемшіліктер мен ескертулер:

❖ Мектепке дейінгі ұйымға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының нормативті тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық дамуы үшін бағдарламаға сай әдістемелік/дидактикалық, үлестірмелі, көрнектіліктер және балалар әдебиеттерінің, ойын материалдары мен жабдықтары жеткіліксіз;

❖ Видеотека, фонотека, медиатека құрылымы мектепке дейінгі ұйымда толық емес. Аудиотека, видеотека бойынша орыс тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар, сергіту сәті дискілердің 25 данасы жинақталған, толықтыруды қажет етеді.

Ұсыныстар:

❖ Баланың танымдық сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық үлестірмелі танымдық ойын жинақтарымен қамтамасыз етілсін;

❖ Мектепке дейінгі ұйым видеотека, фонотека, медиатека құрылымдарымен толықтырылсын.

5.8. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Тәрбиеленушінің білім деңгейі өлшеуіштерінің болуы;

«Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиеленушілерінің негізгі құзіреттіліктері олардың дамуының негізгі нәтижелері ретінде жеке ерекшеліктерін, әлеуметтік орта ерекшеліктерін олардың қабілеттілігін, ықыласын, қарым-қатынастағы, іс-әрекеттегі, ақпаратпен жұмыс істеудегі, өмірде түрлі қолжетімді міндеттерді шешудің тиімді нұсқаларын таба білу белсенділігі 2010 ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының «Мектеп жасына дейінгі балалардың даму құзіреттілігінің индикаторлар жүйесі» әдістемелігіне сүйене отырып бес білім салаға сәйкес жасалынған.

Құрама карталар мен диагностикалары тәрбиеленушінің білім деңгейінің өлшеуіштері бес білім саласы бойынша жүргізіп, әдіскер тарапынан қорытындыланған және үш жылдың мұрағаты жинақталған.

2012-2013, 2013-2014, 2014-2015, 2015-2016 оқу жылдары бойынша топтарда балалардың біліктілік даму деңгейінің көрсеткіші (индикатор) талаптарға сәйкес және толық жинақталған мұрағатталуды қажет етеді.

Бес білім беру саласының бөлімдері толық қамтылып, топтардың индикаторлары бойынша құрама карталар, диагностикалары әдіскер тарапынан жинақталған.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру салалары бойынша балалар даму деңгейінің жалпы қорытындысында шығарылған. Құзіреттілік даму индикаторларының көрсеткіші бойынша деңгейі төмен балалармен жүргізілетін түзету жұмысы бар, дегенмен білім салалары және бөлімдерінің критерийлері бойынша емес жалпыланған түрінде көрсетілген, циклограммаларында жоспарланған.


Мамандардың тарапынан жеке жұмыс дәптерінде түзету жұмыстары көрсетілмеген.

Білім беру салалары бойынша құзіреттіліктер даму индикаторының мониторингі

| Білім беру салалары | қыркүйек | ақпан | мамыр |
|--|-----------------|--------------|--------------|
| 2012-2013 оқу жылы | | | |
| Денсаулық | 3,2 | 3,7 | 4,3 |
| Қатынас | 3,2 | 3,6 | 4,1 |
| Таным | 3,1 | 3,6 | 4,2 |
| Шығармашылық | 3,2 | 3,8 | 4,3 |
| Әлеуметтік орта | 3,2 | 3,7 | 4,2 |
| Қорытынды баға | 3,2 | 3,7 | 4,2 |
| 2013-2014 оқу жылы | | | |
| Денсаулық | 1,1 | 1,7 | 2,6 |
| Қатынас | 1,0 | 1,6 | 2,5 |
| Таным | 1,1 | 1,7 | 2,5 |
| Шығармашылық | 1,0 | 1,7 | 2,6 |
| Әлеуметтік орта | 1,1 | 1,8 | 2,5 |
| Қорытынды баға | 1,1 | 1,7 | 2,5 |
| 2014-2015 оқу жылы | | | |
| Денсаулық | 1,9 | 1,9 | 2,6 |
| Қатынас | 1,7 | 1,7 | 2,6 |
| Таным | 1,7 | 1,7 | 2,5 |
| Шығармашылық | 1,7 | 1,7 | 2,6 |
| Әлеуметтік орта | 1,9 | 1,9 | 2,7 |
| Қорытынды баға | 1,6 | 1,6 | 2,6 |
| 2015-2016 оқу жылы I жарты жылдық | | | |
| Денсаулық | 1,6 | | |
| Қатынас | 1,5 | | |

| | | | |
|-----------------------|------------|--|--|
| Таным | 1,5 | | |
| Шығармашылық | 1,5 | | |
| Әлеуметтік орта | 1,5 | | |
| Қорытынды баға | 1,5 | | |

Алынған мәліметтер негізінде тәрбиеленушілерінің күзiреттiлiктерiнiң бiлiм салалары бойынша даму деңгейiнiң жалпы орташа бағасы анықталған. 2012-2013 оқу жылдарында 3 даму көрсеткiш деңгейi 5 балдық жүйемен анықталса, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарында 3 даму көрсеткiш деңгейi 3 балдық жүйемен бағаланған.



2) білім беру ұйымы бойынша педагогтарға және ата-аналарға сұрақ жауап жүргізудің жылдық нәтижелері;

Білім беру ұйымы бойынша педагогтарға және ата-аналарға сұрақ-жауап, әңгімелесу түрінде, сауалнамалар арқылы психолог және әдіскер тарапынан жоспар бойынша жүргізілген, қорытындылары жазылып, нәтижелері жинақталған.

Ата-аналардан алынған сауалнамалар саны

| № | Сауалнама тақырыбы |
|---------------------------|--|
| 2012-2013 оқу жылы | |
| 1 | «Отбасындағы баланың ролі» |
| 2013-2014 оқу жылы | |
| 1. | «Сіздің балабақшаға деген көзқарасыңыз?» |
| 2 | «Сіз қандай ата-анасыз?» |
| 3 | «Отбасындағы баланың ролі» |
| 2014-2015 оқу жылы | |

| | |
|--|--|
| 1. | «Жанұяның әлеуметтік жағдайы» |
| 2. | «Балаңызға көңіл бөлесіз бе?» |
| 3 | Сіз осы жылы балабақшадан не күтесіз?» |
| 2015-2016 оқу жылы (I жарты жылдық) | |
| 1. | «Жанұяның әлеуметтік жағдайы» |
| 2. | «Балалардың балабақшаға бейімделуі» |

2012-2013 оқу жылы - 1 сауалнама жүргізілген.

2013-2014 оқу жылы - 3 сауалнама жүргізілген.

2014-2015 оқу жылы- 3 сауалнама жүргізілген.

2015-2016 оқу жылы(I жарты жылдық)- 2 сауалнама жүргізілген.

«Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіндегі ойын технологиялары», «Сюжеттік – рольдік ойындар арқылы қарым-қатынасқа тәрбиелеу», «Театр – мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиелеу құралы», Ойыншық – баланың таным әлеміндегі негізі», « Ата-аналармен жұмыс жүргізудің жаңа технологиялары», «Балалардың тілдік қорын дамытуда әдеби шығармалардың рөлі.

Балабақшада ата-анамен жұмысы байланыста жүргізілген жұмыс жоспарларының жиынтығынан, өткізілген іс-шараларынан, байқау сайыстар суреттерінен байқалады, атап өтетін жыл сайын «Тоғыз құмалақ» ұлттық ойын түрі бойынша ата-аналар арасында сайыстың өткізілуі.

3) Мектепке дейінгі балалардың оқуы және білім сапасы, оның нәтижелілігі мен тиімділігі үшін бақша ішіндегі бақылауды ұйымдастыру

Мектепке дейінгі ұйымындағы тәрбиеленушілердің оқу және білім сапасы, оның нәтижелілігі мен тиімділігі үшін бақша ішіндегі әкімшілік тарапынан бақылау мен басшылық бөлімі оқыту-тәрбиелеу жылдық жоспарында жоспарланған.

Материалдары, бақылау қорытындылары жинақталған. Әкімшілік тарапынан оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына қатысулары жүргізілген, дегенмен жүйеленбеген, жасалған ұсыныстар мерзімі аяқталған соң орындалуы қадаланбаған.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің, күн тәртібінің орындалуының, іс-шаралардың талдауы жүргізіліп, құжаттары рәсімделген. Жоспарланған шараларға қатысқаны туралы дәлелдейтін құжаттар жинақталған. Педагогтер өзара тәжірибе алмасу бағытында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысып отырған, қатысым бланкілері толтырылған және жинақталған. Бақылау қорытындылары кеңестерде аталып өткен, шешімдері жазылған, жинақ материалдары толық.

Соңғы үш оқу жылдарында мектепке дейінгі балалардың оқуы және білім сапасы, оның нәтижелілігі мен тиімділігі үшін бақша ішіндегі бақылау мен басшылық жұмыстары жоспарға сай ұйымдастырылып, жүргізілген.

5) Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу, өзара ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу, оларды талдау жүйесі.

Жылдық жоспар бойынша ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері мен қаралымдар жоспарланған. Барлық педагогтер тәжірибе алмасу мақсатында өзара ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысқан, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін талдау картасы критерийлері арқылы анықталады.

Менгеруші мен әдіскер үш жыл ішінде оқу іс-әрекеттеріне төменгідей қатысқан, дәлелдейтін құжаттар талаптарға сәйкес рәсімделген.

2012-2013 оқу жылында меңгеруші-12, әдіскер -12 оқу іс-әрекеттеріне қатысқан.

2013-2014 оқу жылында меңгеруші-12, әдіскер - 12 оқу іс-әрекеттеріне қатысқан.

2014-2015 оқу жылында меңгеруші-11, әдіскер -11 оқу іс-әрекеттеріне қатысқаны туралы құжаттары жинақталған ҰОІӘ және талдау картасы жинақталған.

Қорытынды:

1.Баланың құзіреттілігін дамытуды бағалау ретінде жүзеге асырылатын индикаторлар жүргізуде 2010 ж.Мектеп жасына дейінгі балалардың даму құзіреттілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы ұсынған «Мектеп жасына дейінгі балалардың даму құзіреттілігінің индикаторлар жүйесі» (1 жастан бастап 6 жасқа дейін) әдістемелік құралы толық басшылыққа алынғанымен тәрбиеленушілердің құзіреттілік даму индикаторларының көрсеткіші бойынша деңгейі төмен балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары нақтылауды қажет етеді

2. Білім беру ұйымы бойынша педагогтердің,ата-аналардан сауалнамалар алынып, жылдық нәтижелері жинақталған.Балабақшаның ата-анамен ынтымақтастығы жүргізілген жұмыстарынан, өткізілген іс-шараларынан, байқау сайыстар суреттерінен байқалады, атап өтетін жыл сайын «Тоғыз құмалақ» ұлттық ойын түрі бойынша ата-аналар арасында сайыстың өткізілуі.

3. Мектепке дейінгі ұйымда бақшаішілік бақылау жүргізіліп қорытындылары кеңестерде қаралған.

Ұсыныстар :

1.Баланың құзіреттілігін дамытуды бағалау ретінде жүзеге асырылатын индикаторлар жүргізуде 2010 ж. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму құзіреттілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы ұсынған «Мектеп жасына дейінгі балалардың даму құзіреттілігінің индикаторлар жүйесі» (1 жастан бастап 6 жасқа дейін) әдістемелік құралын басшылыққа ала отырып, құзіреттілік даму индикаторларының көрсеткіші бойынша деңгейі төмен балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары білім салалары және бөлімдерінің критерийлері бойынша жүргізілсін.

2. Мамандардың тарапынан жеке жұмыс дәптерінде түзету жұмыстары жүргізілуін қажет етеді.

3. Мектепке дейінгі ұйымда бақшаішілік бақылау қорытындыларының жинақ материалдары толықтырылсын және берілген ұсыныстарының орындалуы қадағалансын.

5.9. Ғылыми-зерттеу жұмысы

1) Білім беру бағдарламасымен анықталған, әдістемелік біріккен мақсаттар мен міндеттер қызметіне бағытталған басымдықтардың сәйкестігі. Білім беру мекемелеріндегі эксперименталды аумақтардың болуы. Соңғы 3 жылдағы инновациялық қызметтің бағдарламалары мен жоспарларын жүзеге асырудың толықтығы

2014 жылғы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 09.12. № 1174 бұйрығы негізінде «Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріндегі қауіпсіздік мінез-құлық негіздерін қалыптастыру» тақырыбында №35 «Балбұлақ» МДҰ-да эксперименталды алаң ашылды.

Эксперимент бойынша 3 жылға жұмыс жоспары құрылды. 2014-2015 оқу жылында эксперимент ІІ кіші «Балдырған» қазақ тобынан бастау алған. Сол топ екі топқа бөлінген (эксперименттік және бақылау). Тәрбиешілері Тугелбай А. және Байсеркешова Г. Эксперимент алаң 3 жылға арналған.

Ата-аналар сұранысы бойынша балаларға арналған «хореография» саласы бойынша қосымша ақылы қызмет түрі жүргізіледі. Қосымша ақылы қызмет бойынша адаптивті бағдарлама құрылып, қалалық сараптау кеңесінде бекітілген.

Қосымша ақылы қызмет бойынша бағдарлама

| № | Бағдарлама атауы | Құрастырушы | Тобы | Сағат саны |
|---|------------------|-------------|------------------------|------------|
| 1 | Билеп үйренейік | Қазиева А. | Ортаңғы, ересек топтар | 36 сағат |

2) Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстың тиімділігі (әдістемелік нұсқаулар, оқу үдерісіне енгізілетін әдістемелік сипаттағы мақалалардың болуы)

МДҰ-ның қызметкерлерінің 2012-2015 жылдары аралығында облыстық «Ақтөбе Ұстаз» газетіне, Республикалық «45 минут интернет» порталына, «Мектепке дейінгі білім», «Бала мен балабақша» басылымдар мен мақалалар жарияланған.

1) Тәрбиеші - Нурписова Г.

Республикалық «45 минут» интернет-ресурсына «Қош келдің, балақай», «Қыз сыны», «Жыл мезгілдеріне саяхат», «Құстар біздің досымыз», «House in the wood»; Республикалық «Ұстаз» газетіне «Қарша қызға көмектесейк» атты ойын-сауықтар мен ҰОІӘ басылып шықты

2) Тәрбиеші - Г. Байсеркешова

Республикалық «45 минут» интернет-ресурсына «Ғажайып сандар», «Біздің үйдің жылуы анамыздан тарайды», «Халқын сүйген салтын сүйер»; «Мектеп – 45 минут» басылымына «Ертегі-бала тәрбиелеудің қайнар көзі»; Республикалық «Ұстаз» газетіне «Үйшік ертегісіне қонаққа бару» атты

жұмыстары басылып шықты.

3) Тәрбиеші Г. Сартова

Республикалық «45 минут» интернет-ресурсына «Шынықсаң шымыр боларсың», «Қош келдің, Наурыз», «Менің сүйікті ойыншықтарым» атты жұмыстары жарияланды.

4) Орыс тілі мұғалімі - Р. Канаева

